

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: АҚТӨБЕЛІКТЕР ИГІЛІГІН КӨРУДЕ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбе облысына ресми сапармен барды. Президенттің жұмыс сапары Мәртөк ауданы Саржансай ауылындағы спорт кешенінің жұмысымен танысудан басталды.

Бұл нысанның жалпы аумағы – 1 048 шаршы метр. Мұнда спорттың бірнеше түрі бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Қасым-Жомарт Тоқаев еркін күрес залы мен шағын футбол алаңын аралап көріп, жас спортшылармен кездесті. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев спортпен шұғылдандудың маңызына назар аударды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы «Ауыл аманаты» бағдарламасының Ақтөбе облысында жүзеге асырылуы барысымен танысты. Президентке осы бағдарлама аясында аймақтағы 209,8 гектар алқапқа көкөніс және бақша дақылдары егіліп,

жалпы аумағы 1 гектардан асатын 77 шағын жылыжай салынғаны туралы айтылды. Сонымен қатар 101 кондитерлік цех пен наубайхана, 129 шағын сүт өңдеу, 65 ет өңдеу жобасы іске қосылған. Бұдан бөлек, Ақтөбе облысында 1 210 жаңа жұмыс орны ашылып, 1 062 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Бір ғана Мәртөк ауданының өзінде аталған бағдарлама шеңберінде ұсынылған 195 жобаға 902,5 млн теңге несие берілген.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске асырылған жобалармен және аймақтағы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші-

лердің өнімдерімен танысқаннан кейін жергілікті кәсіпкерлермен әңгімелесті. Президент ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» бастамасы қолға алынғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев жобаның тиімді тұстарын атап өтіп, мемлекет шаруаларға, шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсететінін жеткізді.

Ақтөбе облысына жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Ақтөбе облысының инвестициялық әлеуетімен танысты. Президентке аймақ басшысы Асхат Шахаров өңірдің экономикалық әлеуеті мен перспективті инвестициялық жобалары туралы баяндалды. Облыс әкімінің айтуынша, биылғы 10 айда өңір экономикасына 804,4 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл көрсеткіш өткен

жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,2 пайызға көп. Салынған қаржының негізгі бөлігі, яғни 725,5 млрд теңге жеке инвесторларға тиесілі. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 62,6 млрд теңге, металл кенін игеруге 145,6 млрд теңге құйылған. Биыл жалпы сомасы 57,2 млрд теңге болатын 19 ірі жобаны іске қосу жоспарланған. Барлық инвестициялық жоба үшін жасыл дәліз қағидаты енгізілген. Сондай-ақ Президентке бірқатар инфрақұрылымдық жоба әзірленгені туралы мәлімет берілді. Қазір Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын автожолының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатыр.

Содан кейін Мемлекет басшысына Ақтөбеде көріз жүйесін тазарту қондырғысын салу жөніндегі жоба таныстырылды. Құны 53,5 млрд теңге болатын жоба-

ны іске асыру үшін Еуропалық қайта құру және даму банкінен қаржы тартылмақ.


Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақтөбе қаласына «Бұхара – Орал» магистралды газ құбырынан үшінші желіні тарту жұмыстары жөнінде баяндалды. Жобаның жүзеге асырылуы қолданыстағы газ құбырларының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Ақтөбе облысының әкіміне экология мәселесін тез арада шешуді тапсырды.

— Бұл жұмысты міндетті түрде соңына дейін жеткізуіміз керек. Әйтпесе, халыққа зияны көп. Экология мәселесі өте өткір әрі өзекті. Сондықтан бұл мәселеге баса мән беру қажет, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия Президенті Саули Ниинистёге құттықтау жеделхатын жолдап, оны және фин халқы Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Сіздің еліңіздің гүлденген мемлекет құру, жаһандық бейбітшілікті, климат мәселесін және орнықты даму мақсаттарын ілгерілету ісіндегі орасан зор жетістіктеріне сүйсіне қараймыз. Финляндия — Қазақстанның Еуропа одағындағы бұрыннан келе жатқан сенімді серіктесі. Сондай-ақ біз энергетика, инвестиция, «жасыл» өсім және басқа да көптеген сала бойынша өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайынбыз, — делінген жеделхатта.

PISA-2022: САУАТЫМЫЗ САПАҒА САЙ ЕМЕС



Қазақстан PISA-2022 халықаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша 81 мемлекеттің арасынан 50-орын иеленді.

ҚҰЛПЫНАЙ, ҚҰНЫҢ ҚЫМБАТ, ШІРКІН-АЙ!



Құлпынай өсіріп, бау-бақшасын құлпыртып отырғандардың түрлі суреті әлеуметтік желіде самсап тұр.

Мәжіліс мінбері

СУ РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ

Кеше Парламент отырысында Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа алдағы уақытта болатын су тапшылығына қатысты депутаттық сауал жолдады. Депутаттық сауалында бүгін өзекті болып отырған маңызды тақырыпты қозғаған еді.

Су — өмірдің өзегі, тіршіліктің көзі. Оны тиімді пайдалану, барынша үнемдеу өте өзекті.

Әріптестер, дабыл қағатын уақыт келді. Мысалы, 2040 жылы елімізде су тапшылығы 15 млрд текше метрді құрайды. Бұл шамамен Арал теңізіне парпар су. Ойлап қараңыздаршы, еліміз таза ауызсу ретінде пайдаланатын судың көлемі кемі 50 пайызға азаяды. Сонда менің әрбір екінші отандасым ауызсусыз қалады деген сөз емес пе?! Ал ауызсусыз адам 3 күн ғана өмір сүретінін білесіздер. Бұл өте қауіпті.



(Жалғасы 3-бетте)

БОПСАЛАУДЫ БЛОГЕРЛІК ДЕП БЛЕ МЕ?!

Өзін «блогер» ретінде таныстырып, жолаушылар пойызы қызметкерлерінен ақша бопсалап келген Семей тұрғыны ұсталды. Polisia.kz порталының хабарлауынша, бұрын алаяқтық әрекеті үшін сотталған азаматты Көліктегі полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері қолға түсірген.

Күдікті Семей арқылы өтетін пойыздарға жолаушы ретінде мініп, жолаушылар тасымалы саласы қызметкерлерін телефонына түсіріп отырған. Артынан бейнемониторинг жариялайтынын айтып ақша бопсалайды екен.

— Бұл қылмыс ұзақ уақыт бойы полиция қызметкерлерінің назарынан тыс қалып келген, себебі жәбірленушілер қорқып, құқық қорғау органдарына жүгінбеген. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасына «сигналдар»



түсе бастағаннан кейін ғана күдіктінің заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қойылды. Қаскөй ұсталып, сот санкциясымен қамауға алынды, — деді ПМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің өкілі Қуандық Алпыс. Аталған қылмыстық іс бойынша жолаушылар пойыздары-

ның 60-тан астам қызметкері жәбірленуші ретінде танылып отыр. Алдын ала тергеу нәтижесі бойынша ұсталған адамның банк шоттарына 2021 жылдан бері 48 млн теңгеден астам қаражат түскені анықталған. Қылмыстық іс сотқа жіберілді.

(Жалғасы 2-бетте)



«АУЫЛ АМАНАТЫ»: АҚТӨБЕЛІКТЕР ИГІЛІГІН КӨРУДЕ



(Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, ірі компаниялардың өкілдері Мемлекет басшысына өздерінің инвестициялық жобаларын таныстырды. Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында Президент «Зерде-Керамика Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты. Индустриалды аймақта орналасқан өндірістік нысанның аумағы — 15 гектар. Зауыт жылына 5 млн шаршы метр өнім өндіреді. Зауыттың атқарушы директоры Дәурен Битеміровтің айтуынша, мұнда шығарылатын керамигранит пен қиш плиталар Қазақстанның батыс өңірлерінің сұранысын толығымен өтейді. Сонымен қатар Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріне де экспортталады. Өндірістің барлық жұмысы толықтай автоматтандырылған. Бұл зауыттың ерекшелігі саналады. Жүйе италиялық SACMI фирмасының заманауи кондырғысы арқылы басқарылады. Нысанға 9,2 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. «Өн-

дірісті дамыту қоры» акционерлік қоғамынан кондырғылар сатып алу үшін мемлекет 7,5 млн еуро көлемінде несиелену қолдау көрсеткен.

Сондай-ақ өңірге жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысы Тахауи Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрына барды. Президент, ең алдымен, Тахауи Ахтанов пен Қуандық Шаңғытбаевтың ескерткіштеріне гүл шоғын қойды. Театр жұмысымен таныса келе, Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде халықтың театрға қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев өнер ордасы ғимаратының тозғанын айтып, облыс әкіміне жаңа театр салуды тапсырды.

Президент облыс жұртшылығы өкілдерімен әңгімелесу барысында елімізде заң үстемдігін сақтау және ұрпақ тәрбиесіне баса мән беру керек екенін атап өтті.

— Мен қай жерге барсам да заңның үстемдігі туралы айтып жүрмін. Бұл өте маңызды. Олай болмаса, табысты мем-

лекет құра алмаймыз. Жастармен кездескен сайын оларды еңбеккер, тәртіпті болуға шақырамын. Жалпы, жастарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Қазақстанды дамыту — халықтың, мемлекеттің шаруасы, — деді Президент.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласында жеке инвестициялар есебінен салынған Smart Bilim мектеп-гимназиясына барды. Президент білім ошағындағы спорт залын, асхананы және шығармашылық ойлау жүйесін дамытуға арналған ArtLab кабинетін аралап көрді. Сондай-ақ 1-11-сынып оқушыларын негізгі IT бағыттар бойынша 3D-модельдеу баулитын ArtNation.kz білім беру жобасымен танысты. Кәсіпкердің жеке қаражатына салынған бұл мектеп-гимназия биыл қыркүйек айында ашылған. Оның құрылысына 5,7 млрд теңге жұмсалған. Нысанның аумағы — 122 мың шаршы метр. Бүгінде мектепте 3 600 оқушы білім алып жатыр. Мемлекет басшысы мектеп оқушыларымен әңгімелесіп, олардың оқуда табысты болуына тілектестік білдірді.



Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Heriot-Watt университетінің Ақтөбе қаласындағы филиалын аралап көрді. Білім ордасында еліміздің 9 өңірінен келген 300 студент оқып жатыр. Олардың 35 пайызы — ауыл мектептерінің түлегі, ал 42 пайызы — әлеуметтік жағдайы төмен санаттағы отбасылардың балалары. Бұл филиал Мемлекет басшысының жоғары білім беру жүйесін қайта құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында ашылған. Президентке берілген мәліметке сәйкес электр энергетикасы, мұнай инженериясы және энергетикалық менеджмент, компьютерлік инженерия мамандықтары бойынша кадр даярлау ісі ағылшын тілінде жүргізіледі.

Мемлекет басшысына студенттердің Heriot-Watt университетінің Малайзиядағы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі, Шотландиядағы филиалдарында білімін жалғастыру мүмкіндігі бар екені жөнінде мәлімет берілді. Филиал түлектері Heriot-

Watt University мен Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің дипломдарын бірге алады.

Ғылыми жетістіктерге арналған көрмені аралау барысында Президентке жоғары оқу орны ғалымдарының жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы әзірлемелері таныстырылды.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбе қаласындағы үстел теннисі орталығына барды. Президентке орталықтың директоры Әсет Сағымбаев нысанның жұмысы жайында баяндап берді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған бұл спорт кешені халықаралық стандарттарға сай келеді. Кешеннің барлық қорты сертификатталған және құрал-жабдықтары Еуропадан әкелінген. Мұнда әртүрлі жастағы кәсіби спортшыларды дайындауға және халықаралық, әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік бар. Бүгінде орталықта 268 бала үстел теннисімен айналысады.

ОТАНДЫҚ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата жанындағы жас сарапшылар клубының отырысы өтті. Онда қатысушылар Мемлекет басшысы Халыққа Жолдауында бөлігіп берген креативті индустрияны дамыту мәселелерін және осы бағыттағы басты міндеттерді іске асыруға арналған бірлескен жұмыс форматын талқылады. Іс-шараға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысты.

Мәулен Әшімбаев қазір креативті индустрия қарқынды дамып келе жатқанын және бұл сала жаһандық экономиканың маңызды бөлігіне айналғанын атап өтті. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айында жариялаған Жолдауында елімізде осы секторды дамытуға қатысты басымдықтарға назар аударды. Палата Төрағасының айтуынша, қолға алынған істі сапалы жүзеге асыру үшін барлық мүдделі тарап бірлесіп, жүйелі жұмыс жүргізуі қажет.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда Қазақстанда креативті индустрияны дамыту жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Бұл бағытта мемлекеттік органдар құқықтық жағдай қалыптастырып, өңірлерде креативті жобаларды дамытып, өнімдерді коммерцияландыруға көмек көрсетіп, кешенді жұмыс жүргізуге тиіс. Бүгінде еліміздің зандарына енгізу үшін бірқатар өзгеріс әзірленіп жатыр. Жалпы, қазір саланы одан әрі тиімді дамытуға қажетті негіз қалыптасып келеді. Осы жұмыс аясында депутаттар, мемлекеттік институттар, креативті индустрия өкілдері және сарапшылар арасында нәтижелі диалог қалыптастыру аса маңызды», — деді палата Төрағасы.

Талқылау барысында Мәулен Әшімбаев отандық креативті индустрияның даму әлеуеті айтарлықтай жоғары екеніне назар аударды. Ол, ең алдымен, азаматтардың шығармашылық және зияткерлік капиталына негізделген. Сондай-ақ инклюзивті экономиканың даму көзі ретінде жұмыс істеп келеді. Дегенмен Қазақстанда бұл саланың жалпы ішкі өнімге қосқан үлесі бүгінде 1 пайызға да жетпейді. Жұмыспен қамту бағытындағы үлес те төмен.

«Бүгінде креативті индустрия саласында жүрген азаматтар үшін практикалық қаламдар маңызды екенін білеміз. Сондықтан біз қажетті заңнамалық өзгерістер қабылдамас бұрын осы мәселеге тоқталып, өздеріңізбен бірге саланы егжей-тегжей зерделеп алуды жөн көрдік. Қазір Парламенттің бір топ депутаты «Мәдениет туралы» және «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар

енгізу мәселесін пысықтауда. Осы орайда сенаторлар креативті индустрияны дамыту мәселесі бойынша бірқатар кездесу өткізді. Алдағы уақытта соның нәтижелері бойынша тиісті ұсыныстар дайындайды», — деген Мәулен Әшімбаев мүдделі тараптарды палатаның заң шығару жұмысына қатысуға шақырды.

Кездесу барысында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева креативті индустрия саласын дамытуға арналған кешенді шаралар мен стартап-жобалар туралы айтты. Ол бұл бағытта ірі қалалардан өңірлерге қарай ойысу басым міндеттердің бірі екенін тілге тиек етті. Мұндай қадам мамандардың әр облыс орталығында немесе қалада жергілікті таланттармен жұмыс істеп, олардың әлеуетін ашуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар зияткерлік меншікті қосымша құнды құрайтын жабдық немесе технология сияқты мүлік ретінде қарастырудың маңызы зор.

Іс-шарада Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері сөз алып, жана экономикалық үлгіге көшу жағдайында креативті индустрияны дамытуға қатысты өз ұсыныстарын айтты. Олар негізінен медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технологиялар және тағы басқа салалар бойынша әзірленіп жатқан жобаларды қамтиды. Сондай-ақ қолданыстағы жобалар жөнінде де сөз болды. Бұл жөніндегі ескерудің және оларды нарықтың қазіргі сұраныстарына бейімдеудің маңызы зор.

Клуб отырысында акын және музыкант Макпал Жұмабай, Ryumalioп галереясының көркемдік директоры Әнуар Мүсірепов, «КАШ» фильмінің продюсері, Qara Studios-тің бас продюсері Еркебұлан Күрішбаев, JUZ Entertainment лейблінің продюсері Ерболат Беделхан, жангер, креативті продюсер Нұрдулет Бекжан, «Мануфактура ER» компаниясының негізін қалаушы Александр Ермаков және Kazakh Tourism ұлттық компаниясы креативті туризм департаментінің басшысы Ирина Харитонова өз жұмыстары және саланың даму перспективалары туралы сөз сөйледі.

БОПСАЛАУДЫ БЛОГЕРЛІК ДЕП БІЛЕ МЕ?!

(Басы 1-бетте)

Құқық қорғау орындарының мәлімдемесінде күдіктінің аты-жөні айтылмады.

Айта кетейік, Семейде осыған ұқсас оқиға биыл сәуір айында да тіркелген болатын. Tengrinews.kz порталы редакциясына хабарласқан Қызылорда облысының тұрғыны, Қызылорда — Семей жолаушылар пойызының бастығы Нұрбол Ақтаев өзін бейтаныс азамат бопсалап, қорқытқанын айтады. Н.Ақтаевтің айтуынша, өзін блогер деп таныстырған семейлік 2022 жылдың қазан айында пойыз бастығына келіп, егер 750 мың теңге ақша тауып бермесе, пойыз құрамында жұмыс істейтін жолсеріктердің заңды бұзғаны жайлы түсірілген бейнематериалды жариялайтынын айтып қорқытқан. Осы оқиғадан кейін көп ұзамай жұмысынан шығып қалғанын айтқан Ақтаев редакцияға бопсалаушы блогерді жауапқа тартып, өзін ақтап алу үшін күресетінін жеткізеді.

Бұл екі ұқсас оқиғаның бір-біріне қатысы бар ма, әзірге нақты дерек жоқ. Дегенмен блогерлердің ақша бопсалап, қысым көрсететін әрекеті бірінші рет тіркеліп отырғаны белгілі. Өткен айда ғана Петропавлда кәсіпкерден 50 миллион теңге бопсалаған екі блогер ұсталды. Polisia.kz порталы хабарлағандай, 33 және 34 жастағы азаматтар қаладағы сауда желісінің бастығынан 5 млн теңге алып жатқан кезде қолға түскен. СҚО ПД Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының мәліметінше, 2022 жылдың басынан бастап тұтынушылардың құқығын қорғауды ұран еткен екі азамат Петропавлдың сауда нүктелерінде рейдтер жүргізіп отырған. Олар мерзімі өткен өнімді сату фактісін желеу етіп, арандатушылық сипатындағы бейнероликтер түсірген. Бопсаға құныққандар сауда желісінің өңірлік директорынан өз әрекеттерін тоқтатуға 50 млн теңге ақша талап етіп, сол соманы 5 млн теңге көлеміндегі бөлігін алып жатқан жерінде қолға түсті.

Блогерлік қызметін бопсалаушыға айырбастап, тұтылғандар қатары толастайтын түрі жоқ. Бір қызығы, бәстесіп алғандай бәрін сұрайтыны — 50 млн теңге көлемінде. 2022 жылы 14 желтоқсанда Жемқорлыққа қарсы қызмет блогер Токбергін Абиевті ЖШС заңгерінен 50 млн теңге пара алған сәтінде қолға түсірсе, сол жылы жазда блогер Махамбет Әбжанов та кәсіпкерден 50 млн теңге бопсалады деп құрықталған-ды. Ал

журналист, блогер Михаил Козачковтың былтыр желтоқсан айында Telegram-арнасын қылмыстық топтың талабына бейімдеп, 52 млн теңге сыйақы алғаны дәлелденіп, 3,5 жылға шартты жазаға кесілгені мәлім болды.

Әдетте блогер деп интернет қолданушы тұлғаларды, өзінің каналын, сайты, парақшасын жүргізетін шығармашылық кабинеті бар жандарды айтамыз. Олар — өздерінің жазылушысы, оқырманы, көрермені үшін белгілі бір көзқарас қалыптастыратын тұлға. Елімізде блогердің ресми мәртебесі биыл қыркүйек айында күшіне енген «Онлайн-платформалар мен онлай-жарнама» туралы заңда бекітілді. Қоғамда онлайн-платформаларды қолданушы блогерлер туралы «инфлюенсер (блогер)»

гізеді, мүддесін көздеп, сойылын соғады. Кейіннен ақшасы таусылған кезде жалт беруді де мүмкін. Бопсалау арқылы ақша табатындар қатары көбеймесе, сиремейді. Қатал жаза алғанға дейін бұл процесс жалғаса береді. Сондықтан ақпаратты ажырата білу, қоғамды манипуляциядан қорғау үшін қолы таза емес, ниеті арам блогерлерді жазалау ісін жақтаймын. Ол басқаларға сабақ болуы керек, сол кезде барып ақпараттық алаң тазаланады.

Өркен КЕНЖЕБЕК,
блогер:

— Өкінішке қарай, бізде блогерлік қызмет дегеннің жеке критерийі жоқ. Ол қанша алаңды қамтып отыр? 300 жазылушысы бар адам блогер ме, әлде 3 мың адамы бар



ұғымы қалыптасты. Алайда олар осы заң аясында жұмыс істеп жатыр ма? Блогердің азаматтық ұстанымы қаншалықты айқын?

Алмас ТОҚАБАЕВ,
блогер:

— Негізі, шынайы блогер мен қазіргі тырнақшаның ішіндегі блогерлердің айырмашылығы жер мен көктей. Әлеуметтік желі пайда болғаннан бері блогерлер өз ойын көпшілікке жеткізу арқылы қоғамдық пікір қалыптастыра бастады. Осы кезде билік те мемлекеттің саясатын жүргізу және тағы басқа мақсаттарда блогерлерді өз мақсатына пайдаланды, ақысын төледі. Бұл тәсіл блогерлер жұмыс істейтін нарыққа ақша әкелді. Осылайша, біртіндеп көлемді нарық қыла берді. Ақша кірген соң арнайы бопса жасайтын жеке «көсемдер» шықты. Біз оларды «инфотеррорист» деп айтамыз, яғни ақпараттық террор жасаушылар. Олар белгілі бір тұлғаның, топтың ақпараттық саясатын жүр-

аланды қамтитын адам блогер ме? Бір жазба жаза ма, әлде күніне 10 жазба, ақпарат жаза ма? Нақты критерийі жоқ дегенім сол. Сондықтан ол әркімнің бойында қандай тәрбиесі бар, құлқыны қандай, құрылтайшысы кім — соған байланысты анықталатын секілді. Қазір біреу сөзді қару ретінде қолданады, біреу ақпараттың қилері болып жүр. Түрлі топтың арасында бітіспес ақпарат соғысы жүріп жатыр, біреулер соған жұмыс істеп ақша тауып жүр. Ол енді әркімнің ар-ұятына, ұстанымына байланысты іс. Ал егер жала жапса, заңды бұзса, блогер жазаланауға тиіс. Өкінішке қарай, біздің қоғамның даму сатысында сөз сату кәдімгі бизнеске айналып кеткен. Ол әрекетке блогерден бастап, кәсіби журналистке дейін тартылған. Ақпараттық сайттар да осындай істен ақша тауып отыр. Менің ойымша, блогер бола ма, жеке қарапайым адам ба, кім болса да біреудің жеке шекарасына өтпеу, айыбын ашпау, жала жаппау деген секілді элементтері мәдениетті білуі қажет. Ол — заңмен бекітілген норма.

САЯСИ САЛМАҒЫ БАТПАН САУАЛДАР



Мәжілістің кешегі өткен жалпы отырысын сан мен сапа тұрғысынан «қысқа да болса нұсқа» жиын деп бір ауыз сөзбен түйіндеуге болады. Өйткені күн тәртібіндегі 6 мәселе әдеттегіден аз және уақыт бойынша да жиын екі сағатқа жетпейтін уақытта өз етігін өтешті. Әйтсе де, «аз да болса саз болған» депутаттық сауалдардың саяси салмағы батпандап басып тұрды.

Сонымен, күн тәртібіндегі 4 заң жобасы келісімді ратификациялауға арналыпты. Қалған екеуі — ғылым және технологиялық саясат жөніндегі және дипломатиялық қызмет мәселелері туралы құжаттар. Ал он шақты депутаттық сауал су үнемдеуден бастап заңсыз активтерді қайтаруға дейінгі тақырыптарды қамтыды. Онда қоғамдық өмірдегі ірі-ірі фамилиялар аталды. Сол себепті бірден халық қалаушыларына сөз берілік.

«Сайланғанына осы қарашада бір жыл болған президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 7 жылдық құрамында аясында атқарылуға тиіс программалық міндеті ретінде әлеуметтік әділеттілік орнату — басты бір бағдарламалық бағыты болатынын алғашқы Жолдауында жария еткені мәлім. Ал бұл президенттік парызды орындау — заңсыз жылыстатылған активтерді елге қайтарумен тікелей байланысты екенін де Мемлекет басшысы өз аузымен айтты. Міне, осы аса ауқымды міндетті орындау үшін Президент өз жарлығымен уәкілетті орган — Активтерді қайтару жөніндегі комитет құрғанына кеше 5 желтоқсанда екі ай болды. Сол екі айдың ішінде бұл комитеттің іс-әрекеті жөнінде тыр еткен хабар жоқ. Комитеттің қызметінен қандай да бір нәтиже көрініп тұрғанына қарамастан, сиздер Жәмішевтің «Қазақстан халқына» қорына бұған дейін түскен 850 млрд теңгені малданатын отырған жайлауларыңыз бар сияқты. Сіздер қоғам алдында комитеттің құпия емес алғашқы іс-шараларын жария етіп, көпшілік алдында бір баспасөз мәслихатын беретін уақыт болған жоқ па? Ұрланған активтердің елге қайтарылуын бағып, қазынаға қанша қаржы түсерін бақылап, сіздердің іс-әрекеттеріңізді анық отырған қоғам бар екенін ұмытпаңыздар! Ұрланған активтер елге қайтады деген халықтың өзирге үзілмеген үміті мен сенімін құлап-парша қылуға сіздердің қақыларыңыз жоқ. Біз де оған жол береміз! Президенттің пәрменін, қызмет-қарымы мен ел алдындағы қоғамдық беделін бағамдайтын бүгінгі бір өлшем — ұрланған активтерді елге қайтару екенін сіздерге ескертіп қойғым келеді!» — деді депутат Ермұрат Бапи Бас прокурор Берік Асылы пен Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті төрағасы Нұрдулат Сүйіндіковке жолдаған сауалында.

Осы орайда ол қолындағы инсайдерлік ақпаратты депутаттар алдында жария етіп, «ескі Қазақстанға» қызмет қылмақ ойы бар мүдделі лауазымды азаматтарға ескерту жасады.

«Міне, ұрланған активтерді елге қайтарды деп, біз сенім артқан комитет ырылып-жырғалып жүргенде, ескі Қазақстанның» өзі бірте-бірте елге қайта бастаған сынайлы. Құр қайтып қана қоймай, Бас прокуратура мен оның комитеті жым-жырт жатқан кезде, «ескі Қазақстанның» клептоқраттары ел

экономикасын қайтадан басып алуға қам жасауда. Берік Ноғайұлы, Тимур Құлыбаевтың атамандары ұрлаған активтер жөніндегі ақпаратты сіздің өзіңізге қосымша жолдап жіберетін боламын. Ондағы ақпараттарды басшылыққа алсаңыз, «СК Петролиум» серіктестігінен келіп түскен «Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» концорциумынан (директоры Талғат Жұмаділдаев пен оның ұлы Абылай Жұмаділдаевқа қатысты) ұрланып, шетелге тығылған 300 млн доллар активті іздеп қиналмайтын бола-сыздар! Сөз соңындағы сұрағым: жылыстатылған активтерді қайтару заңын қабылдаған депутаттардың алдында сіздер қашан есеп бермек ойларыңыз бар?» — деді ол.

Келесі бір депутаттық сауал тағы да Бас прокурор Берік Асылы және Премьер-Министрдің орынбасары — Қаржы министрі Е. Жамаубаевқа арналды.

«Бүгінгі депутаттық сауалыма әділетсіздіктің шырғауына шыр-малып, шырғалаңнан шыға алмай қалған азаматтардың көз жасы себеп. Олар — Алматының ойгілі Барахолка базарында сауда жасайтын қандастар. Қақаған қыс пен ми қайнатар жазда, таң атысы кеш бағысы контейнерде отырып сауда жасауға мәжбүр жандарды өзін қожайын сезінген екінің бірі келіп тонап жатыр. Бізге жолдаған мына хаттыңда «Кенжехан» базарының саудагерлері бар мәселесін тізіп жазған. Бүгінге дейін құзырлы орындарға қанша арызданса да күштінің дүмі дірмен тартады демекші, каналған қаржысын қайтару алмай келеді көпшілік. Барахолкадағы саудагерлерден депутаттардың атына келген мына арызға сүйенсек, соңғы 10 жылға жуық уақытта «Кенжехан» базарының иесі Назарбаева Әнипа Әбішқызы болған делінеді. Оның жанындағы адамдар базардағы әр сауда орынын 10 мың АҚШ долларын сатқан. Алайда сату-сатып алу жөніндегі келісімшартты жасамай тік контейнердің паспортын берген. «Келісімшарт талап еткен жандарды «біз базарға мөңгі иелік етеміз, ұайымдамаңдар» деп қайтарған. Саудагерлердің дерегінше, аталған базарда 1 000-ға жуық контейнер бар, әрі қарай есебін шығара беріңіздер. Қолда бар арыздағы ақпаратқа сүйенсек, 2022 жылдың 4 сәуірінде «Кенжехан» базарының 100 пайыз үлесі «Митра «консалтинг» ЖШС мен Розенберг Е.М. деген азаматқа өткен. Бұл базар 640 миллион теңгеге сатылды делінеді. Жанадан келген базар қожайындары саудагерлерге «контейнерлеріңді 325 мың теңгеден сатып алыңдар» деп талап қойған. Сонда ел 1 орына 2 рет ақша төлеген. Амалсыз ақшасын берген жандарға тағы да сату-сатып алу туралы құжат берілмеген, тек «келесім» қағазы тапсырылған. Айтпақшы, келісімді сол базардағы нотариусте жасауға міндеттеген, ол үшін әр саудагер тағы 43 мың теңгеден төлеген. Ол ол ма, әр контейнердің иесіне айына 50 500 теңге ақы алынады деген және бір тәртіп шығыпты. Мұны шағымданған ел айтып отыр. Бұл сорақылық емес пе?

«Төлемесе контейнерлерді мөрлеп, жауып тастайды» деп ашынады жұрт», — дейді аманаттық депутат Нартай Сәрсенғалиев.

Оның айтуынша, саудагерлер 3 талап қойып отыр. Олар — бір контейнерге 2 рет төленген ақша бұрынғы немесе бүгінгі базар иесінің қайтып бергені, ай сайын қосымша қаржы жинау мен жұмыс орындарын мөрлеп жауып тастауға қатысты әрекеттердің заңдылығын тексерілуі және шара қолданылуы, Алматыдағы Мемлекеттік кірістер департаментінің «Кенжехан» базарына жүргізген тексеру нәтижелерін Қаржы министрлігінің ұсынғаны. Депутат: «Жыл басында Қазақстанда 722 базар тіркеліпті. Соның бөріне заңдылық толық сақталып отыр деп айта алмаймыз. Себебі ол жақтағы саудагерлерден де арыздар келеді. Осы депутаттық сауалды дайындау барысында Барахолкадағы «Рахат» және «Евразия» базарындағы саудагерлер де шағымдарын жеткізді.

Сондықтан елдегі барлық базардағы заңдылықты тексеру керек деп есептеймін», — дейді.

Аманаттықтар жолдаған келесі бер депутаттық сауал экология мәселесіне арналды. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевқа, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевқа, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы Нұрлан Жақыповқа Шымкент қаласында орналасқан «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС тарапынан, яки Шымкент мұнай өңдеу зауытының маңында орналасқан тұрғындарға келтіріліп отырған экологиялық залал туралы ахуал жеткізілді.

«Өздеріңізге белгілі еліміздегі ең ірі шұнай өңдеу зауытының бірі — ШМӨЗ өндірісінің жылдық қуаты 6 млн тоннаға құрайды. Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың Шымкент қаласына іссапары барысында айтылғандай, зауыттың жылдық қуаттылығын 12 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Сонымен қатар зауыттың 50% акциясына Қытайдың Ұлттық мұнай-газ корпорациясы иелік етеді.

Тұрғындардың айтуы бойынша, зауыт тарапынан Экологиялық заңнама талаптары сақталмайды. Түнгі уақыттарда шамамен 02:00-04:00 аралығында дүркін-дүркін улы заттар (залповые выбросы) тасталып отырады. Сол маңда тұратын Еңбекші ауданы Қарабастан (8 932 тұрғын), Қаратөбе (8 756 тұрғын), Бадам (3 562 тұрғын), Жалын (3 474 тұрғын), Жұлдыз (2 758 тұрғын) ауылдарының 27 482 тұрғыны зауыттан шыққан иіске ұланып, жаз уақытында үйлерінің терезесін аша алмай отырғанын бірнеше рет мәселе көтерілген болатын. Сонымен қатар тұрғындардың айтуынша, елді мекендерде қатерлі ісік ауруы жиілеп кеткен.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының өзекті басымдығы ретінде аянып тастап отырған өнеркәсіптердің теріс істерімен күресетіндімізді әрбір сайлаушыға жеткізген болатынбыз. Осы уәдемді орындау — халықтың аманатын арқалау — біз үшін үлкен жауапкершілік. Әр азамат лайықты өмір сүруге құқылы! Сондықтан жоғарыда аталған елді мекендер тұрғындарының орындай талап-тілектерін Сіздерге жеткізіп отырмын. Осы ретте, аталған өзекті мәселені шешудің мынадай тетіктерін ұсынғым келеді:

Зауытқа халықаралық стандарттар негізінде соңғы үлгідегі сүзгілер мен қондырғылар орнату, кешенді табиғатын қорғау іс-шаралары бағдарламасын енгізу, осы арқылы зауыттың аталған елді мекендердің, тіпті Шымкент қаласының экологиясына кері әсерін барынша төмендету, оның ішінде ШРК (шекті рауалы концентрация) деңгейін асырмау және К-5 экологиялық стандарты бойынша мұнай өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету.

Аталған елді мекендердің көрнекі орындарына ауа құрамының тазалығын көрсетіп тұратын өлшеу құралдарын орнату, сол арқылы тұрғындардың таза ауамен демалып отырғанына көз жеткізуін қамтамасыз ету.

Аталған кәсіпорынға, жергілікті экобелсенділерді тартып, тұрғындармен бірлесіп қоғамдық бақылауды ұйымдастырып, қоғамдық бақылау туралы заңға сәйкес және экологиялық заңнама талаптарын сақтау тұрғысынан тиісті тексеру жұмыстарын жүргізу, нәтижесін тұрғындарға хабарлау.

Зауыт тарапынан Экологиялық заңнама талаптарын бұзу фактілері расталған жағдайда аталған елді мекендері тұрғындарына экологиялық өтемақы төлеу мәселесін қарастыру», — дейді «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері атынан сауал жолдаған Данабек Исабеков.

Токетеріне келгенде, ел экономикасынан әлі етек-жесін жинай алмай отырған олигополияның әрбір әрекетіне қоғамның құлағы тұрып отыр. Еңеше «Ескі Қазақстан» қарымта қайтара ма, болмаса мәмілеге келе ме — оны уақыт көрсетеді.

Мәжіліс мінбері

СУ РЕСУРСТАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫ



(Басы 1-бетте)

Екіншіден, еліміздің даласы көктемде көлге айналса, жазда шөлге айналады. Бұл мәселе жыл сайын қайталанып отырса да, әлі күнге осы шешілер емес. Табиғаттың бізге берген ресурсын құмға құйып жатырмыз. Мәселен, кенес кезінде әрбір совхоз жауын-шашын мен қар суын жинайтын. Шағын су қоймалары болатын. Өйткені оның бәрі — ішкі су қорымыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев су тапшылығы мәселесін дер кезінде көтеріп, арнайы 20 жана бөген салу мен 3,5 млн шақырымдық каналды жаңғыртуды тапсырды.

Бірақ бүгінгі Үкіметтің салғырт әрі бауы қимылынан жақын арада Қазақстандағы су тапшылығы мәселесі шешімін таппайтындай көрінеді. Оған бірнеше дәлеліміз бар.

Мысалы, ресми деректер бойынша, елімізде 1 478 гидротехникалық құрылыс бар. Оның ішінде 342 — су қоймасы, 219 — дамба, 119 — су торабы, 313 тоған бар. Олардың 333 республикалық меншікте, 895-і — коммунальдық меншікте, ал ең қызығы 228-і жекеменшікте болса, 22-і — иесіз екен.

Су қоймалары ең басты стратегиялық нысан. Сондықтан еліміздегі мұндай маңызды су сақтау нысандарының көпшілігін жекешеленіп кеткендігі бізді қатты алаңдатады. Су қоймалары мен көлдердің қожайындарының не істеп, не қойып жатқаны белгісіз. Олардың қаншалықты тозығы жетіп тұр, оны нығайту бойынша қандай шаралар қолға алынған, ол жағы да белгісіз. Жеке меншік нысан болғаннан кейін оның аумағына ешкім бас сұқпайды. Мемлекеттік бақылаудан да тыс қалады.

Ал жекелеген фактілер бойынша, мемлекеттік жер кадастры базасында тіпті табиғи жол қалыптасқан көлдер жер телімі ретінде беріліп кеткен. Қожайындары

көлдерді қоршап, халықтың наразылығын тудырады. Бұл кемінде 5-6 облыста кездесетін жайт.

Сондықтан еліміздегі осындай нысандарға толықтай түгендеме жасап, жай-күйін нақтылау, қажет болса, оларды тез арада мемлекет меншігіне қайтару — кезек күттірмес іс.

Мысалы, плотиналардың салынғанына 30-40 жылдан асса, онда апат болу қаупі артады екен. Ал бұлардың жай-күйі қандай, қаншасының тозығы жеткен, қаншасына жөндеу жұмыстары қажет деген мәліметтер анық емес. Бұл жауапты мемлекеттік мекеме тарапынан бақылау мен мониторингтің әлсіздігін көрсетеді.

Су пайдаланудағы келесі бір маңызды нысан — каналдар. Мәліметтер бойынша, елімізде шамамен 3,5 мыңдай магистралды және шаруашылық каналы бар. Олардың жартысынан астамының әбден тозығы жеткен. Соның салдарынан 60% су құрдымға кетіп жатыр. Бұл — үлкен шығын. Демек, бар судың өзін ысырап етіп, дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Нағыз үнемдеу осы жерде.

Жалпы, каналдардың кімнің иелігіндегі екені де анық емес. Судың сурауын сұрайтын кез жетті. Қасым-Жомарт Кемелұлының осыған ерекше назар аударып, каналдарға қатысты берген тапсырмасы өте орынды. Оны толығымен қолдаймын.

Бұл мәселені өткен аптада әріптесім Болатбек Нәжіметдиновты да көтерген болатын. Судың жайы бөрімізді де алаңдатып отыр.

Осыған орай мәселенің маңыздылығын ескере отырып, «AMANAT» партиясы жанынан арнайы комиссия құру қажет деп санаймын. Партияның «Жер аманаты» аясында жайылым жерлерді мемлекет меншігіне қайтарудағы табанды іс-әрекеті көпке белгілі. Осы тәжірибені каналдарға қатысты да қолдануға әбден болады.

Құрметті әріптестер, Сіздерді осы ұсынысты қолдауға шақырамын.

Қорыта келе, аталған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, келесі шараларды қолға алуды ұсынамын.

1. Еліміздегі жеке меншікке өтіп, бірақ қараусыз қалған, жұмыстары үйлестірілмеген су қоймаларын, дамбаларды, көлдерді, бөгендерді және тағы да басқа стратегиялық маңызды су нысандарын мемлекет балансына қайтару шараларын қолға алу.

2. Су ресурстарын ұтымды пайдалану маңызды. Халқымыз «Судың да сурауы бар» деп бекер айтпаған. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол беріп, талапқа бағынбайтындар қатан жазаға тартылуы тиіс деп есептеймін.

БІРҚАТАР ӘКІМГЕ СӨГІС ЖАРИЯЛАДЫ



«AMANAT»-тың Партиялық бақылау комитеті 18 аудан және қала әкіміне, сондай-ақ 8 мәслихат депутатына азаматтарды қабылдамағаны үшін сөгіс жариялады.

Кезекті отырыс барысында комитет мүшелері «AMANAT» партиясының қоғамдық бақылау бөлімдерінің жұмысының өзекті мәселелерін талқылады. Быыл барлығы 80 мыңнан астам өтініш келіп түсті. 20 мыңнан астам қабылдау өткізіліп, оған бас-аяғы 52 мыңнан астам адам қатысты. Мәселенің басым бөлігі әлеуметтік қамсыздандыруға — 23,4%, ТКШ — 19,5% және жұмысқа орналасуға — 9,7%. Орталық мемлекеттік органдардың басшылары 46 қабылдау өткізіп, оның барысында 200-ден астам адам қабылданды.

Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев атап өткендей, сайлаушылармен тікелей байланыс орнату — мемлекеттік және партиялық органдар атқаратын жұмыстың маңызды бөлігі саналады.

«Барлық облыс пен ауданда партияның қоғамдық бақылау бөлімдері бар. Бұл — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды тетігі. Оны пайдаланбау немесе төмен деңгейде пайдалану елулі кемшіліктер мен орынсыз олқылықтарға жол беріп қана қоймай, Мемлекет басшысының тапсырмаларын қасақана орындамау саналады. Егер біздің партия мүшелері — әкімдер немесе депутаттар халықпен кері байланысын үзіп алса, азаматтардың арыз-шағымына, ұсыныс-тілегіне құлақ түрмесе, білмесе тұрғындарды толғандыратын мәселелерге үнілісі келмейтін болса, онда барынша қатан

Нәтижесінде, сол материалдарды қазір Мәжілістің жұмыс тобы қарап жатыр», — деді ол.

«AMANAT»-тың Республикалық қоғамдық бақылау бөлімдері менгерушісі Әлия Садырбаева әр отандасымыз өзі қажет деп санаған басшының немесе депутаттың қабылдауына бару құқығына ие болуы тиіс деп санайды.

«Қоғамдық бақылау бөлімдері — орталық мемлекеттік органдар, барлық деңгейдегі депутаттар мен адамдар арасындағы алтын көпір. Біз оларға билік өкілдерімен бетпебет кездесуге мүмкіндік береміз. Сондықтан әр адам биліктің кез келген өкіліне өз қалауы бойынша жазыла алуы керек», — деді ол.

Отырыс қорытындысы бойынша, Партиялық бақылау комитеті азаматтарды қабылдамағаны немесе қабылдау жұмысын жүйелі түрде бұзғаны үшін аудандық деңгейдегі 20 әкімге, сондай-ақ 8 мәслихат депутатына сөгіс жариялау туралы қаулы қабылдады.

Атап айтқанда, Қосшы қаласының әкімі Г.Касенов, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Б.Әкімов, Ойыл ауданының әкімі А.Қазыбаев, Мәртөк ауданының әкімі М.Ысқаков, Алматы облыстық мәслихатының депутаты С.Әділханов, Балқаш аудандық мәслихатының депутаты К.Байсын, Индер ауданының әкімі Д.Шамұратов, Құрманғазы ауданының әкімі А.Жанғалиев, Самар ауданы мәслихатының депутаты Б.Рапеков, Жуалы ауданының әкімі Ж.Мұртаза, Сарыкөл ауданының әкімі М.Шымырбеков, Ұзынкөл ауданының әкімі А.Ауғанов, Жанакорған аудандық мәслихатының депутаты К.Орынбасарова, Ғ.Мүсірепов ауданының әкімі Р.Анбаев, Ақжар ауданының әкімі Қ.Қалиев, Ақсай ауданының әкімі Р.Елубаев, Есіл ауданының әкімі М.Мұхамедьяров, Жамбыл ауданының әкімі М.Оспанов, М.Жұмабаев ауданының әкімі К.Омаров, Сауран ауданының әкімі М.Таңғатаров, Жетісай аудандық мәслихатының депутаты А.Сұлтанмұрат, Бесқарағай ауданының әкімі Т.Мұратов, Жарма ауданының әкімі Ж.Байсабыров, Құрчатов қаласының әкімі Б.Абдралиев, Қаражал қалалық мәслихатының депутаты Д.Жақсыбеков, Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Т.Сұлтанова партиялық жауапкершілікке тартылды.

Ғалам толы ғылым. Адамзаттың бір миссиясы – ғылымды игеру. Үдеріс пен өзгерістің бәрі ғылыммен өмірге енеді. Оған себепкер ғалымдар болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бірліміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында озық қолданбалы ғылымды, оның ішінде бизнестің ғылыми зерттеулерді бірлесіп қаржыландыруын кезең-кезеңімен ұлғайту, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциализациялау үшін жыл сайын грант бөлу арқылы жағдай жасауды ұсынды.

Сан-салалы ғылымның зерттеулері де қоғамдық өндіріске, қаржыландыру көздеріне, мақсатына, халық пен шаруашылыққа қажеттілігіне байланысты жүргізіледі. Яғни, мақсатына қарай ғылыми зерттеулер үш түрге бөлінеді. Соның бірі – жаңа тәсілдерді анықтау арқылы көп салада қолданылатын адамдардың қажеттілігіне қарай жаңа технология қалыптастырып, жаңа техниканың пайда болуына бағытталған қолданбалы ғылым. Президенттің сайлауалды бағдарламасында жоғары білім мен ғылымның дамуына қатысты міндеттер 6 ұлттық іс-қимыл жоспары, 3 тұжырымдама, 3 ұлттық жоба және Президенттің 19 тапсырмасымен жүзеге асырылады. Ғылымға берілген басымдықтың нәтижесінде кенжелеп қалған сала дамығалы тұр.

Бірінші кезекте «Ғылым туралы» заңға өзгерістер енгізілуде. Сонымен қатар «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Отандық ғылымды қаржыландыру 70 пайызға көбейді. Алдағы уақытта ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын ғылымға жұмсау жоспарланып отыр. Мұның өзі өсіммен шектеліп қалмайтын үлкен көмек. Капиталды ғылымға салып, ғылымның арқасында еңсесін тіктеген елдер баршылық. Бұрын-соңды болмаған қолдаудың сезінген ғалымдар мен зерттеушілердің қатары артады. Биыл сала қызметкерлерінің орташа жалақысы 257 мың теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін жетті. Ғылымды шараларының нәтижесінде ғалымдарды қызығушылық артып, айына 4 млн теңге табысқа шыққандары да бар. Ғылымның кадрлық әлеуетін арттыру үшін 2025 жылға дейін ғылыми қызметкерлер саны 1,5 есе, ал жас ғалымдар 50 пайызға көбейтілмекші. Кеңес үкі-



Елшір Қыяқ (қолжазба)

ҒЫЛЫМ ОҢБАЙ, ЭКОНОМИКА ОҢАЛМАЙДЫ

метінің кезінде ғылыми қызметкерлердің дәрежесіне қарай, еңбегі еленетін. Ең жоғары еңбекақы, сыйақы, пәтер, әлеуметтік пакет берілетін. Отан соғысының тұсында ғалымдар мен ғылыми жобаларды ұрлау белең алған. Әсіресе, атом бомбасын жасайтын ғалымдарға таласып, одан қалса дайын жобаны қолды ету үшін қарсы тараптар барын салған. Сураныс бар жерде бәсекелестік оянады. Сондай аласапыран уақытта да ғалымдар табысыз да, жұмысыз да қалмаған.

Өткен 30 жылда қазақстандық ЖОО нарыққа бейімделіп, ғылым мен технологияға аса қажетті мамандықтарға баса мән бермеді. Негізі, университет басшылығына ғылыми дәрежесі жоғары ғалым әрі менеджерлерді тағайындау қажет. Себебі маманның көбі университеттен шығады. Сол себепті оқу орындарының басшылығы мен оқытушылар құрамын реттеу керек. Президент STEM жүйесін жетілдіруді тапсырды. Мұндай білім жүйесі жаратылыстану, технология, инженерия және математика пәндерін біріктіріп, ғылымның жан-жақты дамып, ғалымдардың көбеюіне септігі тиеді. Сондай-ақ халықтың 1 пайызын STEM жүйесімен білімге тарту арқылы ішкі жалпы өнімге 50 млрд АҚШ доллары көлемінде кіріс әкелген мысалдар да бар.

Біздің ғылыми институттардың сапасын арттыру – заман талабы. Осы тұста Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында ғалымдарды ғылымға тартып, ғылыми

институттарды дамытып, жетекші оқу орындары мен ірі өндіріс орындарының жанынан мамандандырылған инженерингтік орталықтарды құруға, ғылыми-технологиялық құрылымды қалыптастыруға, тіпті мектеп оқушыларының ғылымға қызығушылығын арттыруға бетбұрыс жасады. Нәтижесінде, ғылымды жетілдіруге бағытталған 50-ден аса іс-жоспардың жүзеге асырылып жатқан жайы бар.

Германия инновациялық потенциалды мықты әрі ауқымды ғылыми зерттеу алаңымен танымал. Ондағы 420 ЖОО-да ғалымдарды арнайы даярлайды. Сол сияқты өндіріс орындарында үздіксіз ғылыми зерттеу жүргізіледі. Ғылым теориямен шектеліп қалмай, тәжірибеммен сыналатын сала. Сан салада шетелдік тәжірибе енгізіліп, жұмыс істеп келеді. Енді кәсіпкерліктің аясын кеңейте түсетін ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғалымдардың әлеуетін пайдалану бизнеске тиімді болмақ.

Қазақстанда шетелдік университеттердің 5 филиалы ашылды. Оның тек екеуі техникалық мамандықтарға арналды. 500 қазақстандық ғалым әлемге әйгілі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтеді. Сол сияқты әлемдік үлгіде тәуелсіз Камкоршылық кеңестер мен эндаумент қорлары құрылады. Ғалымдардың жұмысына қажетті ғылыми жабдықтардың 800 түрі жанақтығын. Келешекте, мамандандырылған ортақ зертханалар, диристрациялық-инновациялық аймақтар жанынан технопарктер

мен академиялық қалашықтар салынады. Бұдан не пайда?

Өзім Кентау қаласының тумасымын. Қаратау тәжіндегі кеншілер шаһарында кен байыту компанияттары, трансформатор, экскаватор, рельс және т.б. өнімдер шығаратын зауыт, фабрикалар күллі Кеңес Одағын қамтамасыз еткен. Оларға қажетті мамандар оқитын техникум, жұмысшылар мен студенттер тұратын жатақханалар өндіріс орнының айналанып орналасқан. Бүгінде трансформатор зауытынан басқасы қанырап тұр. Қазір ол жерден жүк тасымалдауға кедергілердің кесірінен инвесторларды тарту оңайға соқпай тұр. Себебі теміржол желісі жекешелендіріліп кеткен. Ал жалпы өндірістік қалашықтар Кеңес үкіметінің тұсында өндіріс ошақтарының маңайында болатын. Қазір ондай өндіріс те, қалашық та жоқтың қасы. Міне, сол жүйе жаңғырса, ғылым мен өндірістің жүйелі жұмыс істеуіне жол ашылады. Президенттің бұл бастамасын қос қолдан қуаттаймыз.

Ғылымды коммерциализациялау дұрыс шешім. Экономикалық даму елге керек болғанымен, табыс көзін арттыру бірінші кезекте бизнестің өзіне керек. Тек шикізатты экспорттай бермей, шикізатты өңдеп өнім шығару пайдалырақ. Сондықтан сапалы әрі пайдалы өнім өңдеу үшін ғылыми зерттеулерді жүргізуге бизнес өкілдерінің өздері мүдделі болуға тиіс. Дүние жүзінде қай салада болса да тұрақты өнім өндірушілер тұтынушыларын жоғалтып алмау үшін үнемі ізденіс пен үдеріс үстінде

жүреді. Бүгінгідей бәсекелестік нарықта өндірісті ғылыми зерттеулерсіз елестету әрі дамыту мүмкін емес. Судың сапасын жақсартып тазасын ішу үшін сүзгіден өткізетініміз осының бір мысалы. Мәселен, Израильдің зерттеу жұмыстарына бөлінген шығындары – 85,6%, Жапония – 78,8%, Корея – 77,7%, АҚШ – 71,2 пайызды құрайды. Кәсіпкерлікті ғылыми зерттеулерге бейімдеу арқылы дамыту – қанша салым салса да қайтарымы мол перспективалық кадам.

Президенттің ғылымды коммерциализациялау ұстанымы – ақылға сыйымды ұстаным. Қазір ғылыми жобаларды сату тура жолға қойылып, бюджетке 5,7 млрд теңге түсіп түскен. Есесіне, 1 500-дей жұмыс орыны ашылған. Өндіріске енгізілген ғылыми жобалар аясында жұмыс көбейіп, жұмысшылар да қажет бола бастайды. Бұл жерде маман даярлау мәселесі туындап тұр. Болашақта білімділер мен біліктілер жоғары бағаланады әрі жоғары сұранысқа ие болады. Ғылым саласы бойынша 4 млрд теңгеге дейін мегагранттар қарастырылған.

Қазір жұрттың көзі ашылып, химиялық қоспасы бар заттардан бас тартып жатқаны жасырын емес. Көпшіліктің қалайтыны – био және эко тағамдар мен заттар. Өкінішке қарай, Президент айтқандай, бізде расында да нано және био технологиямен әзірленген препараттар да жоқ. Қазақстанда жоктын пайдасын жат көріп келеді. Бүгінде АҚШ, Қытай, Корея, Түркия, Иран, Үндістан, Израиль, Германияның неше түрлі бағдары мен биопрепараттары қазақстандық нарықты жаулап алған. «ЕБiң тапқан екі асайды» демекші, өз қолын өз аузына жетпей тұрғанда бұған да тосқауыл қоюдың өзі артық. Демек, бізге олармен тайталасатын бәсекеге қабілетті өнім өндіруші орта қалыптастыру қажет. Әйтпегенде, Қызыл кітапқа енген кеурек, мия, дерменге шейін шикізат күйінде шет асып, өзімізге био және эко препараттар болып сатылып келеді. Әйтеуір, сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорындар био, эко өнімдер ұсына бастады. Бірақ ішкі нарықты түгел қамтамасыз етуге жетпейді. Мемлекет басшысы ғылымдармен өткізген кездесуінде: «Машина жасау, мұнай-химия саласындағы, яғни төртінші деңгейдегі өндірістің үлесі – 34 пайыз. Қалған 1 пайызы микроэлектроника, роботтандыру және IT салаларында немесе бесінші деңгейдегі технологиямен жұмыс істейді. Нано және биотехнологияға негізделген алтыншы деңгейдегі өндіріс бізде мүлде жоқ. Бұл жағдай көш соңында жүргенімізді

көрсетеді. Ғылымның анағұрлым озық салалары бойынша тым артта қалып келе жатырмыз. Мен нақты цифрларды мысалға келтірдім. Оны мойындауымыз керек. Дамыған елдерде кәсіпорындардың тең жартысынан көбі – бесінші, ал 5 пайызы алтыншы деңгейге жеткен. Бір сөзбен айтқанда, біздің өндірістеріміз олармен салыстырғанда артта қалған. Бұл айырмашылықты жою – еліміз үшін өте өзекті мәселе. Сондықтан ғалымдарымызға айрықша міндет жүктеледі», – деген еді. Бұл бағытта министрлік тарапынан көптеген жұмыстар атқарылуда. Ғылыми экожүйе мен нано технологияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды тапсырды. Материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға 1,7 млрд теңге бөлініп, жабдықтардың 13,7 пайызы жанааланған.

Аграрлық аймақтарға арналған тынайтықштар өндірумен айналысатын шаруашылықтар көбейіп келеді. Қара шыбынның құрттары мен арнайы шылаушын өсіріп мал тезегін текке тастай салмай, жер құнарын арттыруға арнап биогомус, зоогомус шығарып жатыр. Тынайтықштар гүлдер мен ағаш көшеттерінің, бау-бақша өнімдерінің тез жетіліп, жайқалып өсуі – таптырмас дүние. Бұл да ғылымның бір түрі және жетістігі. Адам денсаулығына қауіпті нейтралтардан, табиғи жолмен алынған тынайтықштар әлдеқайда пайдалы. Тізе берсек, Президенттің сайлауалды бағдарламасында қамтылған ғылыми мәселелер таусылмайды. Мұның бәрі ең алдымен елдің кемелді келешегі үшін жасалып жатыр. Ғылым қоғамға қызмет етеді. Ғылым оңбай, экономика ойдағыдай оңалмайды. Түсінгенге Президенттің жанталасып ғылымға назар аударуының басты себебі де осы экономика арқылы әлеуметтің әлеуетін түзу.

Сонау Майқы биден бастап, бертіндегі Ыбырай, Абай бабаларымызға шейін темір арбаның ат, құс қанатындай ұшақ болатынын, адамдардың айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатынын, заманның өзгеретінін, өзгергенді көз көретінін, ондай өзгерістерді өнер-білімі бар жұрттардың жасап, тастан сарай салғызатынын үкілі үмітпен айтып кеткен. «Ғылым таппай мақтанба» деген сөздің өзі ұғына білгенге үлкен мотивация емес пе? Ендеше неге Абай айтқандай, талапанып, өнер мен білім үйреніп, ғылыммен мақтанып ұқсап бақпаса?

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

Қазақстан PISA-2022 халықаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша 81 мемлекеттің арасынан 50-орын иеленді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Экономикалық ынтымақтасу және даму ұйымы (OECD) орта мектептегі білім деңгейін анықтайтын PISA (Programme for International Student Assessment) рейтингін үш жылда бір рет қорытындылайды. Ұйым әлем елдерінің орта білім сапасын анықтау мақсатында оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану ғылымы бойынша тест алады. PISA тестіне экономикасы орташа және жоғары елдердегі 15 жастағы балалар қатысады. Тест мақсаты – оқушылардың алған білімдерін өмірге қолдану деңгейін, сыни ойлау қабілетін анықтау. Яғни, PISA өлшеміне сәйкес, қазақстандық оқушылардың білімді қажетіне жарата білу, сыни ойлау, терең талдай білу, интеллектуалды қабілеті төмен деген сөз.

2022 жылдың сәуір-мамыр айында өткен зерттеу еліміздің 571 білім беру ұйымынан 19 769 білім алушы қатысқан. Нәтижесінде, оқушылар 81 елдің ішінде математикадан 46-орын (2018 жылы 54-орын), оқудан 61-орын (2018 жылы 69-орын), жаратылыстану пәні бойынша 49-орынды (2018 жылы 69-орын) иеленді.

– 2018 жылғы нәтижемен салыстырғанда, 2022 жылғы қорытындыда ілгерілеу байқалады. Өйткені пандемия кезінде оқушылардың онлайн білім алғанын ескерсек, жақсы көрсеткіштер бар екенін айтқан жөн. Сарапшы мамандардың пікірінше, жаратылыстану, ғылыми сауаттылық бойынша Қазақстан ең жоғарғы ғылыми динамиканы көрсеткен, – деді Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова.

Халықаралық OECD ұйымының рейтингі бойынша еліміздің білім жүйесі төменгі сатыда тұр. Егер PISA рейтингі Қазақстанның

PISA-2022: САУАТЫМЫЗ САПАҒА САЙ ЕМЕС

2025 жылға арналған мемлекеттік стратегиясына енгенін ескерсек, 81 елдің ішінде 50-орын иелену төменгі көрсеткіш саналады. Еліміз PISA рейтингіндегі жағдайды жақсартуды көздейді. Өйткені кез келген елдің экономикасы, мәдениеті, ғылымы ең алдымен халықтың сауаттылығы мен интеллектуалдық деңгейінің жоғары болуымен тікелей байланысты. Кез келген білімді, «көкірек көзі ашық» ұлт өзгелермен «терезесі тең» бәсекелесе алады. Сондықтан білімге қаржы жұмсау мәселесінде қараулық танытуға болмайды. Сала мамандары «еліміздің білім саласын реформалау үшін алдымен білім саласындағы басқару менеджментін өзгерту керек» дейді. Мәселен, «Білім сарапшыларының қазақ лигасының» басшысы Гүлнар Әбішова:

– Бәрі, біріншіден, менеджментке байланысты. НИШ пен БИЛ-дерде басқару жүйесі мықты жолға қойылған. Негізгі мәселе – жай мектептердің білім сапасын көтеру үшін басқару жүйесін дұрыстау керек. Талап қоя білу керек. Тек қана материалдық жағдай ғана емес, мұғалімдердің балаларға білім беру методикасын өзгерту керек. Мұғалімдерде таңдау жоқ. Мұғалімдер курстарды таңдап алады, баучер болады деген әңгіме болған, бірақ орындалмады. Бізге әлі де үлкен-үлкен зерттеу жұмыстары керек. Соңғы 10 жылда білім беру жүйесінде біраз реформа жасалды. Оған көп қаржы жұмсалды. Бірақ әлі мониторингтік талдау, есеп жасалған жоқ. Жаңартылған білім беру жүйесіне ауыстық, оның да көрсеткіштері анық емес. Білім жүйесіне жеке-



жеке бақылау жүйесі болғанымен, ұлттық бақылау жүйесі қалыптаспаған. Сондықтан еліміздің нақты білім сапасы қандай екенін де толық жауап бере алмаймыз, – дейді.

«Жалпы, қазіргі жағдай өзгермесе, PISA бойынша сауаттылық деңгейі әрі қарай да түсе берелі» дейді мамандар. Кәсіпкер ұстаз, мектеп мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы Нұрмұхаммед Досыбаев:

– Егер бытырғы нәтижелер мен өзгерістерге қарап айтатын болсақ, прогресс бар деп қуануға болады. Бірақ бұл прогресске жеткен күннің өзінде бұл өте төмен көрсеткіш. Әлем бойынша алатын болсақ, 81 елден 50-орынға ілікті деген ұят. Бұл біздің білім, мектеп жүйесінің ахуалын көрсетеді. Біз осылай аз-аздап 3-4 жылда бір рейтинг бойынша бір-екі сатыға көтерілгенге қанағаттанып, қуанып отырамыз ба әлде, жүйелі тұрғыда бір шаралар қабылдап, тез-тез өсуге, әлемдегі ең алдыңғы қатарға кіруге ұмтыламыз ба? деген сұрақ

туындайды. Егер де қанағаттанбай, үлкен өзгерістерге, рейтингтің алдыңғы қатарына өту тұрғысынан жұмыс істейміз десек, онда жүйелі жұмыстар жасау керек. Қазіргі қабылданып жатқан іс-шаралардың бәрі жеткіліксіз. Мысалы, елімізде балалардың 1 пайызы БИЛ, НЗМ мен РФММ, жекеменшік және халықаралық мектептерде оқыса, 99 бала көдімгі орта мектепте оқиды. Бұл тәсілмен біз жасын 10 жылдықта рейтинг бойынша тіпті алдыңғы ел қатарына көтерілмейміз. Сондықтан рейтингтің алдыңғы қатарындағы елдердің білім жүйесіне үніліп қарау керек. Білім сапасы жоғары елдер біздегі 1 пайыз ғана емес, 100 пайыз сапалы біліммен қамтуға тырысады. Білім саласын қаржыландыруды сапалы қолға алған, қомақты қаржы жұмсайды. Инфрақұрылымды жақсарту және мамандардың барлығына білім мазмұнын күшейтуге жағдай жасау мәселесі жүйелі, параллель түрде жүріп отырады, – дейді.

Атап айтар болсақ, Халықаралық OECD ұйымының талабы бойынша, мемлекеттегі ЖІӨ-нің 6 пайызы білімге жұмсалып керек екен. Ал бізде ресми дерекке сәйкес, аталған көрсеткіш 3-3,5 пайызды ғана құрайды. Сондықтан сарапшы мамандар пікірін, негізінен мемлекет білімге бөлінген қаржының есебіне мониторинг жасап, саладағы жемқорлықпен ашық, ымырасыз күресу керек дегенге саяды. Осы тұрғыда тарих пәні мұғалімі Өмір Шыныбекулы:

– PISA рейтингіне қатысқан елдердің арасынан 3 ел ғана он нәтиже көрсете алды: Сингапур, Жапония және Оңтүстік Корея. Өзге елдердің бәрі кері кеткен. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қандай деректерге сүйеніп отырғанын білмеймін. Әрине, қуанатын жағдай емес. К.Тоқаев Президент болғалы мемлекет білім саласына өте көп қаржы бөліп жатыр. Өкінішке қарай, мектеп, аудандық білім бөлімдерінің бухгалтерлері миллиондап емес, миллиардтап ұрлап жатқанын БАҚ жариялап жатыр. Е.Сағалиев министр болған кезде жаңа білім бағдарламасына енгізілген «үштілділік» саясаты мектептерде қазақ тілінді оқытылуына кері әсерін тигізді. Мәселен, мен Шымкент қаласының 99% қазақ ұлты өкілдері тұратын «Нұрсәт» мөлтек ауданында тұрамын. Аулаға шықсам, көретінім тегіс орысша сөйлеп жүрген қазақ балалары, – дейді.

Иә, тілі ала-құла баланың логикасы, интеллектуалды ойлау жүйесі дұрыс қалыптасуды дегенге сену қиын. Өйткені ой қорытып, сауатты сөйлеу, ойын жүйелі жеткізе білуде туған тілдің атқарар рөлі зор. Ресми дерекке сүйенсек, қазір оқушылардың 75%-ы мектепті қазақ тілінде бітіреді. Бірақ олардың қазақша еркін, сауатты сөйлеуі, тілді жетік білуі және сауатты жаза алуы, өмірде тұрақты қолдануы құман тудырады. Қазір қазақша сөйлейтін отбасылардың өзінде тілі орысша шығып жатқан балалар көп. Салдарынан, оқушылардың мәтінді түсіну, талдау жасау, сыни тұрғыда ойлау дағдылары қалыптаспайды. Нәтижесінде, PISA секілді зерттеу қорытын-

дыларында оқушыларымыздың функционалдық сауаттылығының төмендігі дәлелденіп отыр.

– Мен аландайтын бір мәселе, оқу сауаттылығы бойынша 2018 жылы 69-орын иеленсе, 2022 жылы 61-орынды иеленіппіз. Өзіңізге белгілі, бізде бастауыш білім алушы балалардың да оқу сауаттылығына байланысты нәтиже осындай. Яғни, бұл балаларымыздың оқып, мәтіндердегі деректерге сәйкес түсінуі, түсінуі тұрғысынан әлі де болса жұмыс жасау керектігін көрсетеді. Оқу сауаттылығы бойынша жалпы Үкімет назарын кітапхана, кітап оқу, кітапты сүйіп оқу, отбасымен оқу, оқуға құштар мектеп деген жобаларды кешенді негізде сапалы жүзеге асыруға мән беру қажеттігін үнемі ескертіп келеміз. Кітапхана жұмысының жаңа мазмұны мен кітапханашылар мәртебесіне қатысты да депутаттық бірнеше бастамамыз қазірдің өзінде шешілмей келеді. Яғни, PISA қорытындысына сәйкес, жоғарыда аталған мәселелерге мемлекет тарапынан жүйелі көңіл аудару қажеттігін көрсетіп отыр, – деді депутат Жұлдыз Сүлейменова.

Естеріңізде болса, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжетханұлы:

– Қазақ мектебіндегі оқушылардың 64%-ы – өз тілінде, яғни қазақ тілінде оқитын балалар, қазақ тілінде оқыған мәтіннің түсінібейді, оқыған дүниесінің негізінде ой қорытып, не ауызша, не жазбаша жеткізе алмайды. Бұл – өте қауіпті құбылыс. Сондықтан бізге дәл қазір өзге тілде сөйлейтін ортаны қазақ тіліне тартудан да маңыздысы – қазақ тілінде сөйлейтін ортаның сөйлеу және жазу мәдениетінің сапасын көтеру, – деп атап өткен болатын.

PISA рейтингіне әлем елдерімен білім саласындағы бәсеке деп қарағаннан гөрі, еліміздегі білім сапасын арттырудың стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеуге пайдаланатын ұтымды көрсеткіш деп қараса, сондай-ақ төменгі көрсеткіштерді бүркемелемей, білім саласында шынайы реформалар жасау үшін пайдаланса, тиімдірек болар ма еді?!

Құлпынай өсіріп, бау-бақшасын құлпыртып отырғандардың түрлі суреті әлеуметтік желіде самсап тұр. Тіпті, көпқабатты үйде өз терезесінің алдына құлпынай өсіріп, қыруар пайда тапқандар туралы да көп естіп жүрміз. Дегенмен өнім алудың өзіндік қиыншылықтары мен баптауы бөлек боларын кім білген?!

Бердібек ҚАБАЙ

ЕҢ ІРІ ҚҰЛПЫНАЙ ФЕРМАСЫ – НЬЮ-ЙОРКТЕ

Әлемдегі ең үлкен құлпынай фермасы – Нью-Йорктің сыртындағы жасанды бақ. Oishi деп аталатын жылжымай кешені 2018 жылы ашылған. Құлпынай өсіруге ғана арналған жасанды бақ 6 874 шаршы метр аумақты алып жатыр. Жана жүйеде құрылған кешен осы уақытқа дейін құлпынай өндіру үшін қолданылған бірінші буын технологиясымен салыстырғанда энергияны 60%-ға, ал суды 40%-ға аз пайдаланады.

Мұндағы бір ерекшелік, құлпынай бүршік атып, гүл жарған уақытта тозаңдану процесіне кәдімгі бал аралары жіберіледі. Осылайша, құлпынай гүлінің балымен бірге жемісін де өндіру қолға алынып отыр. Жыл бойына жеміс беретін бақтағы технология әлемде әзірге біреу ғана болып тұр.

Мұндағы өнімнің тазалығы сондай – пестицидсіз және жегенде тазалап, жұмаса да болады. Нью-Йорктің дәмді құлпынайына қол жеткізудің екі жолы бар: оларды компанияның ресми сайтында немесе NoMad аймағында ашылған үлкен Whole Foods дүкенінен сатып алуға болады екен.

Ал елімізде, өкінішке қарай, мемлекет тарапынан ешқандай құлпынай шаруашылығына қолдау көрсетілмейді. Құлпынай өсірушілердің бүгінде мемлекетке өкпесі қара қазандай. Ауыл шаруашылығы саласының басым көпшілігіне мемлекеттік субсидия таратылса да, құлпынай шаруашылығына келгенде жомарттық танытпайтын құсайды.

Құлпынай өсірушілердің дені еліміздің оңтүстігінде арнайы жылжыялар салып алған. Дегенмен мемлекеттік сак-

ҚҰЛПЫНАЙ, ҚҰНЫҢ ҚЫМБАТ, ШІРКІН-АЙ!

тандыру мен қолдаудың болмағанынан кей кезде шығындарын да өтеу мұң болып кетеді екен.

«Бірнеше жылдан бері құлпынай өсіріп келемін. Әрине, қызанақ пен қиярға қарағанда құлпынайдан келер пайда көп. Біріншіден, бұл жеміс қымбат, екіншіден, жылына 2-3 рет өнім аласын. Үшіншіден, жыл сайын өзге дақылдар құсап қошет ауыстырмайсын. Тек мұны баптау аздап қиынырақ. Арнайы бапталған топырақ пен жылуы бірқалыпты орынжай қажет. Сосын күн сәулесі үнемі түсіп тұруы шарт. Көрші елдерде құлпынай шаруашылықтары өте көп. Мен сол жақтағы достарымнан барып үйреніп, көріп жүрмін», – дейді сарыағаштық құлпынай өсіруші Самат Сұлтанов.

ҚҰЛПЫНАЙҒА ҚАНДАЙ БАП КЕРЕК?

Құлпынай қошеттерін ақпан айында немесе наурыздың басында отырғыза бастаған дұрыс. Одан бұрын отырғызу біздің елдің климаттық ерекшелігіне сәйкес келмейді. Бұл туралы өмірінің 40 жылын құлпынай өсіруге арнаған бағбан Ұзақбай ақсақал айтып отыр.

«Ең алдымен, егіс алдында топырақты ылғалдандырып, қажетті минералдармен өңдеп алу керек. Содан кейін топырақты жал тәрізді етіп жинап, бетін үлбірмен жауып қою маңызды. Топырақ құрғаған кезде үнемі ылғалдандырып отыру шарт. Бұл топырақ қырғысының пайда болуына өз септігін тигізеді. Ал топырақ бетін жапқан үлбір қарашіріндіні қыздырып, қошеттің жақсы жеміс беруіне қолайлы жағдай туғызады. Ең маңыздысы, дайындалған жер үнемі тамшылап суару технологиясымен жабдықталуы керек», – дейді жамбылдық Ұзақбай Қордабаев.

Қазақстанның оңтүстік аймақтарында өсіруге аса қолайлы болып келетін құлпынайға мемлекеттен берілетін көмек жоқ емес, бар. Бірақ мемлекет кез келген құлпынай өсірушіге емес, нақты технологияларды пайдаланып, таза өнім өсірушілерге қолдау көрсетеді. Дүниежүзілік құлпынай өсірушілер одағының та-



лаптарына сай, арнайы технологиямен ғылыми негізге сүйене отырып жеміс өсіретін болсаңыз және мұныңызды дәлелдей аласыз, жемісін жер жаһанға сатып, шалқып отыра беруіңізге болады.

Соны технологияның елімізге сыналап енгізудің жолын тапқан, әзірге еліміздегі бірден-бір ірі құлпынай өсіруші – Азамат Әбдіхамитұлы. Бүгінде Ақтөбе қаласы маңындағы өз бақшасынан әр жылда 80 тонна өнім алып отырған Азамат 2024 жылы өнім көлемін 120 тоннаға жеткізуді көздейді. Дикан мұнымен тоқтамақ емес. Жер көлемі мен жылжымай кешенін үлкейтумен бірге құлпынай тәлімбағын да жасақтап үлгерген.

«Біздің елдегі қара базарларда сатылып жатқан құлпынайдың дені – 3 не 4-ші сұрыптағы құлпынайлар. Құлпынайдың нақты қандай болатынын мен осыдан 10 жыл бұрын Испанияға барғанда көрдім. Бұл ел сол уақытта әлемдегі ең озық технологияны пайдаланып құлпынай өсіреді екен. Қазір Ақтөбеде біршама жерге сол испаниялық үлгідегі технологиямен жылжымай салдық. Жылжымай шірфрлық үлгіде жұмыс істейді. Әрине, алғашқыда

көп шығын кетті. Мемлекеттен нақты дәлелдемелерді көрсете отырып көмек те алдық. Бүгінде бір қауым елді жұмыспен қамтып отырмыз. Біз былтырдан бастап жылжымай кешенінің жанынан құлпынай тәлімбағын салдық. Шетелден әкелінген қошеттерді алдымен сол жерде қалыпта келтіреміз. Зертханамыз да бар», – дейді Азамат Әбдіхамитұлы.

СОЛТҮСТІКТЕ ҚҰЛПЫНАЙ ОСЕ МЕ?

Еліміздің солтүстік өңірлері мен Астанада құлпынай шаруашылығын құру қолайсыз. Себебі ауа райының құбылмалылығы мен қыстың қатты аязы құлпынайдың гүлденуіне тұсау болады. Арнайы жылжымай кешені мен тиісті технология болуы маңызды. Ал көкөніс өсетін кешенге құлпынай салу теріс. Себебі екеуі екі басқа дақыл болған соң, қолданылатын технология да мүлде басқа екен. Бұл туралы астаналық агроном Досжан Дәулет айтты.

«Алдымен адамға білім керек. Әр жемісті өсірудің өзіндік технологиясы болады, мен осы құлпынай технологиясын



менгеріп жатырмын. Жыл сайын өзге елдерге барып білмегенімді үйреніп жүрмін. Әрине, бұған үлкен қаражат жұмсау керек. Өзім Орталық Азия елдері бойынша халықаралық эксперт болғандықтан білгенімді үйретемін. Былтырдан бастап Ақтөбеде еліміздің құлпынай өсірушілеріне арнап курс ұйымдастыра бастадық. Біршама азамат келіп, оқып, шаруаларын дөңгелетіп отыр. Шамамен алғашқы кезде әр гектардан 25-30 тонна өнім алуға болады. Біздің пайдаланып отырған технологиямызды әлемнің көп еліндегі жеміс өсірушілер өздеріне енгізді. Қазір бізді іздеп келіп курсқа қатысушылардың қатарында Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Латвия, Литва сынды барлығы 11 елдің азаматтары бар. Толық курсты аяқтаған соң Испанияға агротур жасаймыз», – дейді халықаралық сарапшы Азамат Әбдіхамитұлы.

Білгенімздей, өсірілген жеміс қошеті өз жемісін беріп аяқтаған шақта жапырақ түбінен басқа қошет көктем шығатыны заңдылық. Сарапшылардың айтуынша, бұл қошеттерден өнім алу дұрыс емес. Себебі одан кейінгі уақыттарда құлпынай саласы күрт төмендеп, көлемі де кішірейіп, пішінінде басқаша рен пайда болады. Тұтынушылардың талабы мен өсірушілердің білместігінен мұндай құлпынайлар біздің базарларда тез сатылып кете барады. Ал нағыз құлпынайдың ешбір міні жоқ болуы керек. Біздің құлпынай деп жүргеніміз жабайы бүлдіргеннің бір түрі десек те болады.

Заман өзгеріп, табиғаттың тоза бастаған шағында технологияның жетістігіне сүйену – басты талап. Экологиялық апаттардың салдарынан бір кездері далада жайқалған жабайы бүлдірген сиреп кеткелі қашан? Осы тұста құлпынай шаруашылығын дамытуға мемлекет басқаша бір жоба әзірлеп, ішкі өнімді өрістетіп тастамаса, құлпынайды қырғыздан тасып жүре бермесімізге кім кепіл?

Көз көлген мемлекет күн сөнгенше тұруы үшін қорғаныс қабілетін нығайту сыртында, әл-жұртының амандығын ойлауы керек. Халықтың амандығы үшін ең алдымен оны ашыққа ұрындырмау, тамақтан тарықтырмау шарт. Бұл үшін азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге міндетті. Ал азық-түлік қауіпсіздігі бірінші кезекте ветеринария саласына да байланысты. Осындай стратегиялық маңызы бар сала ұзақ жылдар бойы деградаланып, кері кетті. Енді Үкімет оны реформалап түзеп, жаңғырулармен жандандырып, мол қаржымен қуаттандыруға ниетті.

Елдос СЕНБАЙ

ВЕТЕРИНАРЛЫҚҚА ЖАСТАР НЕГЕ ҚЫЗЫҚПАЙДЫ?

Саланың жағдайы жылдармен күйге жеткені сонша, бұған тікелей Президенттің араласуына тура келген еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы Жолдауында саланың қордаланған мәселелеріне жеке тоқталып, түбегейлі реформа жүргізуді жүктеді.

«Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария саласын жетілдіру қажет. Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен қуыреттер нақты бөлінуі керек. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың арттыру мүмкін емес. Сондықтан осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс», – деген еді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сол жолы ел Президенті бұл саладағы процестерді толық цифрландыруды, мәлімет жинауды жүйелі, дұрыс жолға қоюды және оны автоматтандыруды, маман даярлау ісін жетілдіруді және олардың жалақысын көбейтуді тапсырды. Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауға міндеттелді.

Ескі Үкімет бұл міндет үдесінен шыға алды деу артық айтқандық. Саладағы қордаланған көптеген проблема бүркемеленген күйі қалды.

Не шешілді? Ветеринар мамандардың жалақысы көтерілген. Бірақ әлі де жоғарылатуды қажет етеді: орташа республикалық жалақы көлемінен әлдеқайда төмен.

Ұлттық статистика боросының мәліметінше, ветеринарлық қызметпен шұғылданытын қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы 220 мың теңгені құрайды. Бұл бір жыл бұрынғыдан 35,9 пайызға көп. Алайда бұл елдегі орташа ай-

МАЛДЫҢ ЖАЙЫН ВЕТЕРИНАР БІЛЕР



лық жалақыдан (2023 жылғы қарашада 350 542 теңгені құрады) көп төмен.

Десек те, мал дәрігерлері қолдарына анағұрлым аз алатынын айтады. Ветеринарлық санитарлар 100 мың шамасында, ветеринарлық фельдшерлер – 130-150 мың айналасында, ветеринарлық дәрігерлер 200 мыңдай ғана алады.

Салдарынан, бұл салада істеуге жастар қызыға бермейді. Сырқаттанған жануарларды емдеуге келетін «айболиттердің» арасында жас мамандар некен-саяқ көрінеді.

Баспана мәселелері де көп жерде шешіле қоймаған. Аз жалақы үй сатып алмақ түгіл, ипотека рәсімдеуге де жарай бермейді.

Бұған қоса, олардың жұмысы да ауыр: ауыл ветеринары Батырболат Қайдарұлының әңгімелеуінше, жұмыс режимі нормаланбаған, таннан кешке дейін еңбек етуге тура келеді. Әсіресе, қыс айларында жұмыс қызды: қантар-ақпанда төрт түлік төлдей бастайды. Оның барысында түрлі қиындықтар туындап, ветеринардың түн ішінде шұғыл шақыруы мүмкін. Көбісінің аршылмаған жолдары еңсерер көлігі де жоқ.

Малға, құстарға вакцина салу науқанның жүргізіп, бірнеше рет сүрлігеді. Әрбір малды, әсіресе жылпын тауық, қаз бен үйректі ветеринарлар негізінен өздері аулап, ұстауға мәжбүр: кейбір ауылдықтар вакцина атаулыны жақтырмай, мал-құстарын ұстап беруге құлық таныта бермейді екен. Кейбірі далаға қоя береді. Оларды да қайырып, қуалап, ұстау керек. Олай жасамаса, салғырт қараса, құс тұмауынан бес миллионнан астам үй құсы қырылып қалған 2021 жылғы оқиға қайталануы мүмкін. Елде мал аурулары да өрші бастапты. Келесі жолы оралармын деп қол сілтепсе, бұл жол шығынын арттырады.

Әрбір қораны да бірнеше рет өңдеуі керек, талап солай. Оны түсінбеген мал

иелері «неге қайта-қайта келе бересің?» деп ашуланып, есіктерін ашпай қоюы мүмкін.

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖҮРҮДЕ

Президент тапсырғалы салада цифрландыру жұмыстары жүргізіле бастады. Бұл – маңызды жұмыс. Себебі ветеринариялық қызмет жұмысы цифрлық форматқа көшірілсе, бір жағынан бұл Қазақстандағы эпизоотиялық ахуалды бақылауды жақсартып, осылайша елдегі, дүкен сөрелеріндегі мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Екінші жағынан, цифрландыру ветеринар мамандарды қағазбастылықтан босатып, негізгі функцияларын орындауына мүмкіндік береді.

Әзірге ветеринарлар толтыратын қағаздар, тапсыратын есептер жетерлік. Тіпті, әр препарат, вакцина үшін есеп беру керек.

«АӨК Экономикалық саясат талдау орталығы» ЖШС төрағасының орынбасары Шалқар Амантұрғынның айтуынша, оның кәсіпорны қазақстандық мал шаруашылығы үшін маңызды, бірақ ескірген жүйелерді псықтап, жаңа жүйелерді әзірледі. Олардың қатарында біріншіден, Vetlab жүйесі жасалды, ол ветеринариялық зертханалық зерттеулерге арналған. Екіншіден, «РПО» жүйесі ауыл шаруашылығы жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарының орталықтандырылған түрде тіркеуге алады.

Үшіншіден, процессингтік орталық жануарлардың жеке нөмірлерін генерациялаумен және берумен, оларға мониторинг жүргізумен айналысады. Төртіншіден, «Ветеринариялық-санитариялық сараптама» жүйесі сояқ пункттерінде эспертиза актілерін беру және олардың мониторингті жұмыстарын автоматтандырады. Бесіншіден, Vetmobile атты

ветеринариялық дәрігерлерге арналған мобильді қосымша іске қосылған. Алтыншыдан, мал ұстайтын ауылдықтарға, шаруа қожалықтарына, барлық ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған ToTtuilik мобильді қосымшасы әзірленді.

ОЗЫҚ ҚАРУЛАҢУ БҮЛ САЛАҒА ДА ҚАЖЕТ

Бірақ сала бәрібір проблемалардан бас көтере алмай жатыр. Егер бюджеттен тиісті қаражат бағытталса, онда инсинераторлар, Комаров дезинфекциялық қондырғысы (КДК) бар арнайы автомашиналарды, жол талғамайтын көліктерді, басқасын сатып алуға мүмкіндік туар еді.

Мысалы, бұрынғы Ауыл шаруашылығы министрі, қазіргі Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев таяуда өз блогында облыстағы бірқатар ветеринариялық мекемелерге қызметтік жана автокөліктер табыстағанын мақтана жариялады. Арнайы жабдықталған ресейлік үлгідегі 10 «УАЗ» көлігі облыстық бюджет есебінен алыныпты. Бәлкім, шетелдік, жайлырақ әрі жолсыздан өту қабілеті жоғары көліктерді алған жақ болар?

Басшылығы ауысқан Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған қолданыстағы тұжырымдамасын өзгертуге, соның аясында енді ветеринария саласын дамытуға баса мән беруге талпынып отыр. Мұны ауыл халқы құттары сөзсіз. Әйткенмен, бірінші кезекте Үкіметтің қаржы мен бюджетке жауапты министрліктері және солардың басшылығы отырған Республикалық бюджеттік комиссия құптаса жөн. Ал олар ондаған жылдар бойы ветеринариялық қызметтің стратегиялық маңызын түсінбей, сорақысы сол, түсінігі де келмей, қаржыдан қағып келді.

Сонымен, Ауыл шаруашылығы министрлігі саланың материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін 2030 жылға дейін келесідей қаражат бөледі сұрады: біріншіден, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазақстандық мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің экспортын сақтау үшін 12,3 миллиард теңге керек екен. Бұл сомаға ветеринариялық лабораторияларға арналған заманауи зертханалық жабдықтар сатып алынады.

Екіншіден, 1,5 миллиард теңге берсе, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды қамтамасыз ету үшін оларға қажетті жабдықтар, нақтылағанда, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша сынама алуға арналған құралдар, термомониторлар, жеке қорғаныс құралдары, видеорегистраторлар, планшеттер сатып алынбақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында қоғамдық сана мен азаматтардың ниеті өзгеруі керек екенін атап өтті. Бүгінде тұрғындардың қарыз ауыртпалық мәселесі жаппай көрініс тауып отыр, сол себепті жүйелі шешімді қажет етеді. Президент тапсырмасына сәйкес қаржы және құқық сауаттылығын, кәсіпкерлікті арттыруға бағытталған жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді.

Кәмила ЕРКІН

Мәселен, биыл мамыр айында «AMANAT» партиясы 8 өңірде, оның ішінде Түркістан облысында «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты. Басты мақсаты – проблемалы қарыз алушылар-жеке тұлғалар арасында қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру. Жоба аясында барлығы 40 мыңнан астам адам оқытудан өтті.

Сондай-ақ 4 айда қарыздар мен несиелер бойынша 4 мыңнан астам заң консультациясы, соттан тыс банкроттыққа 39 толық сүйемелдеу, 1181 жағдай бойынша берешекті реттеу және басқа да қызметтер көрсетілді.

Жалпы, жобаның жоғары тиімділігін және халық тарапынан оң пікірін ескере отырып, Мемлекет басшысы жобаны республикалық маңызы бар барлық 20 облыс орталығы мен қалада кеңінен таратуды тапсырған еді. «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңесінің басшысы Ақмарал Бекмұраеваның пікірінше, жобаны іске асыру барысы ел азаматтарының шынайы қаржылық жағдайын көрсетеді. Қарапайым халықтың қарызға белшеден батуының бір себебі – несиенің шектен тыс жарнамаланып, насихатталуы. Банктер бекіткен артық төлем мен пайыздық жүктемелерді түсінбейтін қаржылық сауаты төмен азаматтар ары қарай да қарыз алуды жалғастыра береді.

«Қаржылық сауаттылық курсына қатысқандардың 63,1%-ы оқытуға дейін несие бойынша пайыз және артық төлем мөлшері туралы білмеген. Адамдар алған несиесін болашақта қанша есе етіп қайтару керек екенін түсінбестен, оп-онай несие алады. Оқуға қатысқандардың 38%-ы 70 мың теңге көлемінде ғана табысы бола тұ-



ҚОҒАМДЫҚ САНА ӨЗГЕРМЕЙ, ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ АРТПАЙДЫ

Каратаевтың шаруашылығы осының айқын дәлелі. Қарызы көп, тұрақты жұмыс орны жоқ ауыл тұрғыны «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқып, кейін «Ауыл аманаты» жобасымен 4 млн теңге несиеленді. 8 сауын сиыр сатып алып, сүт өндірісін жолға қойып отыр. Қазір Данияр Каратаевтың тұрақты табысы бар. Сондай-ақ осы аудандағы №11 кәсіптік колледждің оқытушысы Қырмызы Әбілдаева жоба аясында 15 күндік тренингке қатысып, көптеген өте пайдалы ақпарат алғанын айтады. «Жобада қарыздан құтылудың жолдарын ғана емес, бизнес бастауға да бағыт-бағдар алдық. Енді отбасылық жеке ісімізді ашқымыз келеді», – дейді ол.

Қырмызы Әбілдаева – көпбалалы ана. Балаларының болашағы үшін де үздіксіз білім алып, уақыт пен мүмкіндікті дер кезінде пайдалана білу қажет деп есептейді. Оның жобаға дейін бірнеше несиесі болған. Бүгінде қарыздарынан құтылып, тіпті Отбасы

емес. Өйткені жағдайым шынында да өте қиын еді. Міне, осылай айлығыма қол жеткіздім», – деді М.Тұрысбекова.

Жоба барысында көпшілік қауым банктің үстеме пайызы туралы ұғымдардан бейхабар екенін мәлімдеген. Осындай қатысушылардың бірі Сауран ауданының тұрғыны С.Назарсейітова жұбайымен қосымша жұмыс істесе де, баспана салуға қаражат жетпей, несиеленді. Оның үстемеақысы көп екенін білмеген.

«Кез келген уақытта қаражаттан қиналсақ, банкке керек сомамызды жазамыз, олар бере салатын. Оның процентіне қарамайтынбыз, ай сайын төлеп отырсақ құтылармыз деген оймен несиені көп алдық. Енді бүгін қаржылық сауаттымызды арттырып, өмірімізді жақсы жаққа өзгерткіміз келеді. Осы шара пайдасын мольнан тигізіп жатыр», – дейді С. Назарсейітова.

Келесі жылдан бастап барлық аудан мен облыс орталығында «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері ашылмақ. Онда қаржылық сауаттылық бойынша кәсіби мамандар жұмыс істейді. Биыл оқыту тек 8 өңірде жүргізілсе, енді ол бүкіл ел бойынша, тек ауылдарда ғана емес, аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда да қолжетімді болады. Бұл жолы несиесін төлеу мерзімі 90 күннен асқан 1,5 млн адамға баса назар аударылды. 2024 жылы 200 мың адамды оқыту жоспарлануда, қосымша қаржылық сауаттылық бойынша курстар мектептер мен жоғары оқу орындарында өткізіледі. Бұл жалпы 1 млн қазақстандықты қамтуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Түркістан облысы бойынша профилактикалық бағытта көптеген шара ұйымдастырылуда. Мәселен, Түркістан қаласындағы барлық 6 сектор тұрғындарына жалпы саны 10 мыңнан астам тұрғынның қаржылық сауаттылығын арттыру, олардың қаржылық қауіпсіздігін қорғау, қаржылық пирамидалармен, құмар, заңсыз ойын бизнесінің, заңсыз есірткі айналымының алдын алу тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Шара барысында Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаяв, Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбеков халыққа аталған құқықбұзушылықтардан аулақ болу жолдарын баяндады. Одан бөлек, департамент өкілі Гүлзия Қарсыбай баяндама жасап, қаржы пирамидаларының 10 белгісімен таныстырып, олардан қорғану жолдарын үйретті және осы бағыттағы анонимді сауалнама жүргізді.

Қаржылық сауаттылықтың бір ұшы осы салада алаяқтықтың белең алуына өкеш соқтырады. Қазір бөтеннің сенімін теріс пайдалану, алдау жолымен алаяқтық жасайтындар көбейген. Осы тұрғыда Түркістан

облысы Полиция департаменті қызметкерлері жүйелі жұмыс жүргізуде.

Мәселен, облыс тұрғыны полицияға арызданып, белгісіз біреу әлеуметтік желідегі парақшасына бұзып кіріп, атын пайдаланып, таныстарынан ақша сұрап алып, 55 мың теңге шығын келтіргенін жеткізген. Департамент өкілдері аталған жайттың ҚР ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркеуге алынғанын жеткізді. Жан-жақты, тиянақты жүргізілген тексерулер нәтижесінде күдіктінің жеке басы анықталған. Жамбыл облысының тұрғыны жәбірленушілерге 2 миллион теңгеге жуық зиян келтірген.

Сонымен қатар Төлеби аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын танысының Атырау қаласына «жұмысқа орналастырып беремін» деп сеніміне кіріп, 1 миллион теңгеге жуық ақшасын жымқырғанын айтып шағымданған. Іс барысында ер адам алған ақшаны өз қажетіне жаратып жібергені анықталған. Ер-азамат осы тектес тағы 3 жайтқа қатысы бар екені белгілі болды.

Айта берсек, мұндай қаржылық қылмыстар толастамайды. Олардың

ла-амалдарына тап болған. Жәбірленушілер 200 миллион теңгеден астам қаражатын қаржы пирамидаларына құйған. Прокурорлар мен экономикалық тергеу департаменттерінің қызметкерлері тұрғындар жиі алданатын жарнамаларға назар аударатынын айтады. Қазір аймақта қаржы пирамидаларын жарнамалаумен айналысатын жүздеген сайтқа тыйым салынған. Білік өкілдері халықты тек ресми ақпараттарға сенуге шақырады. Алда-жалда осындай топтың мүшесі болсаңыз, дереу құқық қорғау органдарына хабарлаған абзал.

Толығырақ тоқтала кетсек, Қазақстандағы экономикалық қылмыстардың 97%-ы – қаржы пирамидалары. Ranking агенттігінің мәлімдеуінше, биыл экономикалық қылмыстардан келтірілген залал сомасы 35,9 миллиард теңгені құрады. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша елімізде экономикалық қызмет саласында 384 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 37,5%-ға аз. Өңірлік бөліністе Экономикалық қызмет саласындағы ең көп құқықбұзушылық Алматыда тіркелді: 66 жағдай, 2022

“

Келесі жылдан бастап барлық аудан мен облыс орталығында «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері ашылмақ.

Онда қаржылық сауаттылық бойынша кәсіби мамандар жұмыс істейді. Биыл оқыту тек 8 өңірде жүргізілсе, енді ол бүкіл ел бойынша, тек ауылдарда ғана емес, аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда да қолжетімді болады.



ра банктерден және МҚҰ-дан 2-ден 4-ке дейін несиеленді. Оқытылғандардың 13,8%-ының 10-нан астам несиесі бар, олар алдындағы несиені жабу үшін тағы да несиеленіп отырған. Жалпы, қоғамда қаржы жинау мәдениеті қалыптаспаған», – деді ол.

Қаражатын басқара алмай, алаяққа алданатын қоғамның да бір емі – азаматтардың осы саладағы сауатын арттырып, қаржымен қарым-қатынасын өзгерту. Жақында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Түркістан облысына іссапары барысында «Қарызсыз қоғам» жобасына қатысушылармен кездескен болатын. Жүздесу барысында жоба қатысушылары қаржылық сауаттылықты арттырып, қаржыны дұрыс жұмсауға үйрендік деп алғысын жеткізген еді. Нақты деректерге сүйенсек, қазір елімізде 7,5 млн адамның, яғни халықтың үштен бір бөлігінің банкте қарызы бар. Шамамен 1,5 млн азамат несиесін 90 немесе одан да көп күнге кешіктіріп төлеуде және банкроттық күй кешуде. Мәжіліс Төрағасы мұндай адамдар қайда барып, кімнен көмек сұрайтынын да білмейді деген пікірде. Айналып келгенде, барлығы қаржылық сауатсыздыққа келіп тіреледі... «Қарызсыз қоғам» жобасы халыққа қаржыны дұрыс игеруді, отбасылық бюджетті жоспарлауды, несиені дұрыс алуды үйретеді.

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Шарбұлақ ауылындағы Данияр

банкінен депозит ашып, қаражат жинауды бастаған.

«Қарызсыз қоғам» арқылы қаржыны дұрыс басқаруды үйренгеннен кейін несиелерімді жаптым. Бұл маған мотивация берді. Жобаның халыққа көп көмегі тиіп жатыр. Қазір несиеленіп, оны қалай төлерін білмей жүрген жандар қаншама? Сондықтан осындай халыққа қажетті жоба көп болса екен деп тілеймін», – дейді көпбалалы ана.

Сонымен қатар ол жобада алған білімін өзі жұмыс істейтін колледжде оқытын жастарға жеткізуге ниетті. Себебі жастарға да бұл тұрғыдан бағыт-бағдар беріп, қаржылық сауатын көтеру өте маңызды деп санайды.

Сонымен қатар бағдарлама қатысушысы, Түркістан облысы Түлкібас ауданының тұрғыны Мөлдір Тұрысбекова да өз несиелерін тарихына қолға алғанын айтады. Төрт баланың анасы бүгінде жана кесте бойынша несиесін төлеп, жаңа қарыз алмай, кірістері мен шығындарын реттеп алғанын жеткізген.

«Айлығым – 131 мың теңге, ал несием – 250 мың теңге. Әріптестеріме де, ауылдағы дүкенге де қарызым көбейіп қалған. Барлық мәселені тындап шыққан соң менің көзімше сот орындаушыларға хабарласып, менің атымнан ол кісілерге міндеттеме әзірлеп беріп, жалақы алатын қартамды бұғаттаудан босататынын айтқанда қалай қуанғандымды жеткізу мүмкін

PIN-КОД немесе ҚҰПИЯ СӨЗІҢІЗГЕ САҚТЫҚПЕН ҚАРАҢЫЗ...

6 миллионға жуық қазақстандықтың банктерде өтелмеген несиелері бар екен. Бұған қоса, Қазақстанның 1 миллионнан астам азаматы микроқаржы ұйымдарында несиелендіріліпті. Қолжетімді несиелер, қаржы ұйымдарының жоғары пайызы, бастысы, қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі – халықтың қарыздарын жыл сайын арттырады. Сондықтан әрбір қазақстандықтың қаржылық сауатты болуы маңызды.

Назгүл НАЗАРБЕК


ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БІЛІМ 4,1 ДЕНГЕЙІНДЕ БАҒАЛАНДЫ

Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасында ЭЫДҰ-ның соңғы зерттеулерінің нәтижелері бойынша дамыған елдердің қаржылық сауаттылығының орташа деңгейі ықтимал 21 балдың 14,1 балын құраса, орташа әлемдік деңгей – 13,7. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш – 13,1, бұл орташа әлемдік мәннен айтарлықтай төмен, бірақ бұл көрсеткіш 11,9 құрайтын Еуразия елдеріндегі көрсеткіштен жоғары болып тұр. ЭЫДҰ Қазақстандағы қаржылық білімді 4,1 деңгейінде деп бағалады.

Қалай болғанда да елімізде бұл тақырып өзектілігін жоймай отыр. Тұрғындардың басым бөлігі оңды-солды несие алуға, онай олжаға кенеле салғысы келіп, қаржылық пирамидаға кіруге құмбыл. Одан бөлек, алаяқтарға алданып қалушылар да көп.

Халқының саны 2 миллионнан асатын Түркістан облысы тұрғындарының 80 пайызы ауыл аймақта тұрады. Осынау ауыл тұрғындары бүгінде қоғамымызға дендеп енген электронды ақша аударым жайына келгенде де кібіртіктеп қалатыны бар. Қанша дегенмен қаладағыдай қайнаған тіршіліктің ортасында жүрмегендіктен әбден үйренгенше электронды ақша аударымға қатысты мәселенің туындайтыны заңды да. Дегенмен оны уақыт көтермейді. Кез келген тауарларда төлемді аударым жасау арқылы өтегеннің ыңғайлы екеніне бәріміздің күн сайын көзіміз жетіп келеді.

Өкінішке қарай, бұл алаяқтар үшін мол табысқа кенелудің ең тиімді тәсілі болып тұр. Олар көбіне ақпараттық технологияны жігі біле бермейтін, смартфонның сырын ұқпайтын зейнет жасындағыларды құрығына түсіріп, олардың есепшоттарындағы ақшасын әп-сәтте қолды ете бастайды. Айталық, егде жастағы ақсақалға оның немересінің



арқылы 200 000 тенге қаражатын сеніміне кіріп, жымқырып кеткен. Аталған факті ҚР ҚК-нің 190-бабы «Алаяқтық» бойынша тіркелді. Орын алған алаяқтық қылмысын ашып, күдіктіні ұстау мақсатында тәжірбиелі полицейлерден жедел тергеу тобы құрылып, шұғыл әрекет етті. Барлық қажетті шараларды іске асырып, нәтижесінде күдіктінің жеке басын анықтады. Ол жергілікті тұрғын болып шықты.

Анықталғандай, күдікті ер адам «төмен пайызбен ақша аударып беремін» деп жалған жарнама жасаған. Яғни, жәбірленуші қыз жарнамада көрсетілген нөмірге хабарласып, мобильді қосымшасы арқылы ақша аударым жасауға келісетінін айтқан. Сол кезде күдікті арам ойын жүзеге асырып, түскен ақшаны өз есепшотына аударып алған. Бүгінде кінәсін мойындаған ер адамға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРСАҢЫЗ, ҰҒЫЛМАЙСЫЗ!

Осындай жағдайға тап болмауыңыз үшін алдымен өзіңіздің дербес деректеріңізге сақ болыңыз! Ұялы телефон арқылы байланыс орнатқан операторға еш уақытта өзіңіздің жеке басыңызды куәландыратын құжаттағы және банк картаныздағы нөмірлерді айтпаңыз. Одан соң мобильді қосымшаларда сенімді құпия сөзді пайдаланыңыз және оны қауіпсіз байланыс арнасы арқылы жіберуді ұмытпаңыз. Сонымен қатар құпия сөздерді үнемі өзгертіп отырыңыз, туған күніңізді немесе атыңызды PIN-код немесе құпия сөз ретінде пайдаланбағаныңыз дұрыс. Дербес компьютерде құпия сөзді автоматты түрде толтыру немесе есте сақтау параметрлерін өшіріңіз, сондай-ақ деректерді жалпыға ортақ компьютерлерде сақтамауға тырысыңыз. Сосын электрондық пошталарды да қорғауды үйреніңіз. Мәселен, компьютерден ашақ көңіліңіз қажет болса, жүйеден шығыңыз. Құрылымын қорғауды орындарда қараусыз қалдырмаңыз.

Тауарлар мен қызметтерге төлем жасау үшін электрондық аударымдарды пайдаланбаңыз. Қолма-қол ақшамен жасалған төлемдер сияқты электрондық аударымдарды даулау немесе қайтару барынша қиына түседі. Егер сіз тауарды интернет арқылы сатып алған болсаңыз, төлемді кредиттік немесе дебеттік картанмен жасауға тырысыңыз.

Егер де жоғарыда айтылған жағдайларға тап болсаңыз, бірінші кезекте аударым жасайтын банкіңізге немесе компанияңызға дереу хабарласуыңыз қажет. Оларға бұл оқиға туралы айтып, ақша қаражатымен жасалатын транзакцияны тоқтату мүмкіндігі туралы нақтылап біліңіз. Бұзылған шоттарды міндетті түрде бұғаттаңыз, құпиясөздердің барлығын, оның ішінде әлеуметтік желілердегі есептік жазбалардың құпиясөздерін ауыстырыңыз.

Түркістан облысы

“
Халқының саны 2 миллионнан асатын Түркістан облысы тұрғындарының 80 пайызы ауыл аймақта тұрады. Осынау ауыл тұрғындары бүгінде қоғамымызға дендеп енген электронды ақша аударым жайына келгенде де кібіртіктеп қалатыны бар.

атынан қонырау шалып, бір мәселеге тап болғанын айтып, тез арада әлдебір нөмірге ақша аудару керектігін жеткізеді. Қариялар мәселенің байыбына барып жатпай, әлгі алаяқтың сөзіне сеніп, «не де болса, балам қиындықтан шықса болды» деген оймен ақшаны ойланбастан аудар салады.

Қазір «әлеуметтік сауалнама жүргізіп жатырмыз» деп қонырау шалып, алдайтын алаяқтар да аз емес. Құқық қорғаушылар сауалнамадағы сұрақтардың аса күрделі болмайтынын айтады. Мәселен, «сіз ұнататын автокөлік маркасы?», «қандай киім бренді ұнатасыз?» деген сынды көп ойланбай жауап беретін сұрақтарды қояды. Содан кейін Сізді сауалнамаға қатысқаныңыз үшін арнайы сыйақымен марапатталғаныңызды мәлімдеп, құттықтайды. Әрине, ол соманы алуыңыз үшін банкке алдын ала комиссиялық төлемді төлеп, белгілі бір нөмірге чекті жіберуіңіз керектігін ескертеді. Егер де осылай еткен болсаңыз, онда алаяқтарға жем болдым дей беріңіз. Мұндай жағдайда сіз транзакцияның



күшін жоя алмайсыз. Өйткені алаяқтар біздің елімізден ғана емес, шетелдерден де шығып тұрған болуы мүмкін.

АРЗАН БАҒАДА ҮЙ АЛЫП БЕРУДІ ҰСЫНҒАНДАРДАН АБАЙ БОЛҒАН ЛӘЗІМ

Тағы бір мысал келтіре кетейік, сізге белгілі бір қоғамдық ұйымның қызмет-

кері болып хабарласып, нарық бағасынан әлдеқайда арзан бағада үй немесе көлік сатып алуға болатынын жеткізеді. Және ол үшін белгілі бір шотқа ақша аудару керектігін айтады. Егер де қайырымдылыққа алдын ала ақша аударып, нарықтан арзан бағада үй немесе көлік алуға ниеттенген болсаңыз, онда алаяқтарға ақша аударғаныңызды біліңіз. Құқық қорғаушылар оларды әшкерелеу оңай емес екенін айтады. Өйткені мұндай қайырымдылық қорда жұмыс істейтін адамдар заңды түрде жұмыс жасайтын қайырымдылық ұйымының атын жамылып, өздерін шетелдік инвестициялық компанияның өкілі деп таныстырады.

Ал ақша аударуға келгенде адамдарға алаяқтық шотын береді. Айталық, жақында Түлкібас аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданып, алаяқтың құрбаны болғанын жеткізді. Өзінің қаржы мәселесіне келгенде шорқақтығын айтып өкінеді. Жәбірленуші қыздың айтуынша, белгісіз біреу «В контакте» әлеуметтік желісі

Ал ақша аударуға келгенде адамдарға алаяқтық шотын береді. Айталық, жақында Түлкібас аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданып, алаяқтың құрбаны болғанын жеткізді. Өзінің қаржы мәселесіне келгенде шорқақтығын айтып өкінеді. Жәбірленуші қыздың айтуынша, белгісіз біреу «В контакте» әлеуметтік желісі

Ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «КС-1-дегі ГАА №3 күрделі жөндеу», «КС-1-дегі ГАА №1 күрделі жөндеу», «КС-4-тегі ГАА №1 күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«КС-1-дегі ГАА №3 күрделі жөндеу», «КС-1-дегі ГАА №1 күрделі жөндеу», «КС-4-тегі ГАА №1 күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеуі деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-1-дегі ГАА №3 күрделі жөндеу», «КС-1-дегі ГАА №1 күрделі жөндеу», «КС-4-тегі ГАА №1 күрделі жөндеу» жұмыстарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 3, жалпы сомасы 11 153 918 791,17 тенге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 14 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 14 желтоқсанда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о результате открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт ГПА№3 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-4»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке работ «Капитальный ремонт ГПА№3 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-4» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ООО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт ГПА№3 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-1»; «Капитальный ремонт ГПА№1 на КС-4». (Количество лотов – 3, на общую сумму 11 153 918 791,17 тенге без учета НДС).

Перечень выполняемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 декабря 2023 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 14 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Қайта ашық тендер амалымен «КС-1-де өнеркәсіптік қалдықтарды уақытша сақтауға арналған өнеркәсіптік алаңшаның құрылысын салу» жұмыстарын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-1-де өнеркәсіптік қалдықтарды уақытша сақтауға арналған өнеркәсіптік алаңшаның құрылысын салу» жұмыстарын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды.

Сатып алынатын жұмыстар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 30 638 658,00 тенге, ҚКС-сыз).

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 14 желтоқсанда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 14 желтоқсанда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о проведении закупки работ «Строительство промышленной площадки для временного хранения промышленных отходов на КС-1» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Строительство промышленной площадки для временного хранения промышленных отходов на КС-1».

Перечень закупуемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации. (Количество лотов – 1, на общую сумму 30 638 658,00 тенге без учета НДС).

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности/копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 14 декабря 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 14 декабря 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Адамдар әрқашан иммунитетті нығайтатын, ұйқы мен ас қорытуды жақсартып, бет терісін нәрлендіретін «сиқырлы таяқшаны» іздейді. Пайдалы тамақ нарығында жаңа жаһандық тренд — суперфудтар іздегендер үшін таптырмайтын өнімге айналған. Саламатты өмір салтын насихаттаудың атрибутына айналған суперфуд нарығы жақсарып, фармкомпаниялар мен жеке өндірушілердің саудасы қызып тұр. Қазір дүкен сөрелерінен оңай табылатын суперфудтар сатылымы Mintel research мәліметтері бойынша 2023 жылы 38%-ға өскен. Дұрыс тамақтану мен дұрыс ұйқыға мән бермей, денсаулықтың көпшілігі санаған суперөнімдерді «өзім білемге» салынып қолданатындар қатары көбейген.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

СУПЕРФУД ҚАНШАЛЫҚТЫ
«СУПЕР?»

«Суперфуд», «суперфрут» немесе «супержеміс» деп белгіленген тағамдар мен сусындар саны жыл сайын артып келе жатыр. Статистика бойынша, 2029 жылға дейін суперфудты тұтыну деңгейі 10,7%-ға жетеді екен. Бұл — 664 тонна деген сөз. Қазір ең танымал суперфудтардың қатарын толықтырып отырған годжи жидектері, спирулина, чиа тұқымдары және авокадо. Олардың басты ерекшелігі — тағамдық құндылығы жоғары. Тұтынушылардың 80 пайызы суперөнімдерді дәрі ретінде қарастырып, оларды семіздік, қант диабеті, гипертония және жоғары холестерин сияқ-

Суперфудтың БӘРІ СУПЕР ЕМЕС



Мамандар жоғарыда аталған өнімдердің барлығы ешқандай тексерусіз сатылымға шығатындықтан, жұрт оны қауіпсіз деп ойлайтынын айтады.

ТІЗІМІ ЖАҢАРҒАН
ТРЕНДТІК ӨНІМДЕР

Жыл сайын трендтегі суперөнімдердің түрлері жаңарып отырады. Мысалы, өткен жылы суперфудтың тренд тізімінде матч шайы, микрокөкөністер, картоп сүті, левант тағамдары болса, биылғы жылдың ең танымал тренд өнімі авокадо, крест тәрізді өсімдіктер (брокколи, дайкон, нап кырыққабаты) және бұршақ дақылдары болды. Бұл өнімдер «супер» сапасы арқылы емес, «супер» маркетингтік жарнамалар

жеміс, көкөніс және дәнді дақылдар сияқты өсімдік тектес тағамдардың суперфудтар тізімінде бірінші орынға шығуы таңғаларлық жағдай емес. Пайдаланып жүргеніне ғасырдан астам уақыт болған суперфудтардың қазір қолданылу аясы кеңейіп, әлемде таралу қарқыны артты. Ақпарат желі тарайтын ғасырда суперфудтардың да ай сайын жаңа түрі пайда болатындай, белгілі бір тағамға қатысты ғылыми-зерттеулер, тиісті тамақ өнеркәсібінің жарнамалық роликтер мен маркетингтік нақандары желелі желдегі есіп жүр. Суперфудтардың «супер» жағы көп-ақ, бірақ оларды күнделікті тұтынатын тағамдармен шатастырмау қажет екенін алға тартқан гигиена және тағамтану, нутрициолог маманы Әл-Фараби Маханұлы:

— Қазір суперфуд тағамдарының ішіндегі ең танымалдарының қатарында спирулина бар. Оның танымалдығына маркетинг әсер етті деуге келмейді. Қазір қант диабетімен ауыратындар көп. Спирулина — осы аурумен күресудің керемет құралы. Сондықтан бұл өнім өзінің сапалығымен адамдар арасында кен танымалдыққа ие болған. Одан бөлек, какао бұршақтары қан қысымының жоғарылауына ықпал етеді. Олар гипотензивтер үшін пайдалы, бірақ гипертониялық наукастар үшін кері әсерін тигізеді, — дейді.

«СУПЕР» ӨНІМІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ЕРЕЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Денсаулықты нығайту үшін суперфудтарды пайдаланудың өзі жеткіліксіз. Сарапшылардың айтуынша, суперфудты пайдалана отырып, спортпен шұғылданбаса, үнемі психикалық күйзелісте жүрсе, өнімдердің пайдасы жоқ. Денсаулықты сақтау — бұл кешенді шара. Ол салмақты, көпжакты тәсілді қажет етеді. Тек бір салада денсаулық сақтау ережесін орындау денсаулықты қалпына келтіруге көмектеспейді.

— Адам ағзасы кішкентай кезінен белгілі бір тамақ рационына үйренеді. Суперфуд өнімдерін де соған сәйкес пайдалану керек. Тольғымен суперфуд өнімдерін пайдалану денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Осыны ұмытпаған жөн. Жалпы, денсаулық сыр бермесін десеніз, дұрыс тамақтану керек. Әйелдердің диета үшін тұтынатын өнімдері жарнама арқылы саудаға түседі. Жыл сайын тренд деп өзгеріп отыратын тағам түрлері денсаулыққа пайдалы деп қысқа ойлайды. Ол — ол ма, суперөнімдердің дүкендердегі бағасы да қалтаны қағады. Деніңіздің сау болуына жыл сайын өзгеріп отыратын тағамдар әсер етпейді, пайдалы тағамдар ешқашан трендтен алыстамайды, — дейді нутрициолог Ә. Маханұлы.

Әлеуметтік желіде жарнамаланған кез келген ақпаратты қорыту үшін алдымен сол сала мамандарының кеңесіне жүгіну керек. Әңгіменің дәйегі денсаулық турасында болғандықтан, «трендтегі» суперфудтарды оңды-солды іше беруге болмайтынын өз денсаулығына алаңдайтын әр адам есте ұстағаны жөн.



ты денсаулық мәселелерінің алдын алу үшін тұтынады. Қазір кеңінен насихатталып, жарнамасы жер жарып жүрген суперфудтардың адам денсаулығына әсері туралы мамандардың кеңесіне жүгініп көрдік. Олар да дәрігердің рұқсатынсыз, өздігінен емдом жасайтын адамдардың көп екенін растап отыр.

— Суперфудтар расында мықты, иммунитетті көтереді, қажетті минералдарға бай, әсіресе әйелдердің денсаулығына пайдасы мол, миома, бедеулік сияқты аурулардың алдын алады. Десе де, барлығы бірдей «супер» емес. Ағзаға әртүрлі әсер ететіндері бар. Бірақ көп адам оны түсіне бермейді. Табиғи өнім деп қараған соң барлық ауруға ем деп ойлайды. Қалқанша безінде антидене көбейген адамдар спирулина мен хлорела ішуіне мүлдем болмайды. Ол антиденені одан бетер көбейтіп, кері әсерін тигізеді. Медициналық сауаты жок адамдар денсаулық тақырыбына келгенде өте сак болып, міндетті түрде дәрігердің кеңесіне жүгінуі керек, — дейді гастроэнтеролог-дәрігер Гүлмира Башенова.


“
Тұтынушылардың
80 пайызы суперөнімдерді дәрі
ретінде қарастырып, оларды
семіздік, қант диабеті,
гипертония және жоғары
холестерин сияқты денсаулық
мәселелерінің алдын алу үшін
тұтынады.

арқылы трендке шығып отыр. Оған дәлел, Mintel маркетингтік суперфудка деген құштарлық күнделікті тұтынатын тамақ пен сусын санаттарынан асып түскенін анықтайды.

Негізі, жарнама арқылы насихатталып жүрген өнімдер спортшылардың арасында бұрыннан бері кеңінен танымал. Сондықтан денсаулыққа пайдалы деп саналатын

Берлинде Мұстафа Шоқай туралы кітаптың тұсаукесері өтті. Қазақтың танымал қоғам және саяси қайраткері жайлы туынды неміс тілінде жарық көрді. Аталған шара Берлиндегі неміс-қазақ қоғамы мен қазақ диаспорасының қолдауымен жүзеге асты.

ШОҚАЙ ЖАЙЛЫ КІТАП НЕМІС ТІЛІНДЕ ШЫҚТЫ



«Мұстафа Шоқай феномені» кітабы қоғам қайраткерінің өмірі мен саяси ғұмырына арналған. Туынды тарихшы Бақыт Садықов пен Мұстафа Шоқайдың жұбайының естеліктеріне сүйене отырып жазылған. Жиында Мұстафа Шоқай музейінің басшысы Салтанат Сексембаева саяси қайраткер туралы баяндап берді.

— Мұстафа Шоқай — Отанымыз үшін аянбай еңбек еткен

қайраткер. Сондықтан осындай халықаралық деңгейде шара өткізу өте орынды. Келешекте осы бағыттағы ынтымақтастығымызды жалғастырмақ ойдамыз. Келер жылы Түркияда Мұстафа Шоқайға арналған көрме өткізу жоспарланып отыр. Көпшілік назарына қазақтың біртуар ұлы жайлы мұрағаттарда сақталған бірегей қолжазбалар мен жәдігерлер ұсынылады, — деді ол.

КОНЬКИДЕН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ



Астанада коньки жарысынан балалар мен жасөспірімдер арасында ашық қалалық чемпионат өтті. Чемпионатта бес аймақтың өркендері бас қосты.

Айта кету керек, жас конькишілер бәсекесі осымен екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Оған жергілікті спортшылардан бөлек, Алматы, Қостанай, Хромтау және Петропавл қалаларының ұл-қыздары арнайы келді. Бас-аяғы 120-ға жуық өрен 3 күн бойы коньки жарысының бірнеше бағыты бойынша өзара

мықтыны анықтады. Бұған қоса, жүлдені сарапқа салғанда қатысушылардың жас деңгейі де ескерілді. Яғни ең кішісі — 8 жаста болса, ең үлкені — 13 жаста.

Бұндай бәсекелер балалардың шеберлігін шыңдап, тәжірибесін тереңдетуге көмектеседі дейді мамандар. Яғни, болашақ чемпиондарды қазірген тәрбиелеуге жол ашады. Сондықтан, оны жыл сайын тұрақты өткізу жоспарланып отыр және алдағы уақытта ауқымы мен форматын кеңейту де ойда бар.

ОЛИМПИАДАДА ҚАЗЫЛЫҚ ЕТЕДІ

Көркем гимнастикадан халықаралық дәрежедегі төреші Алуа Бектұрова Парижде өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына шақырту алды.

Ұлттық олимпиадалық комитеттің баспасөз қызметі мәлім еткендей, Халықаралық көркем гимнастика федерациясы 2024 жылғы Париж Олимпиадасында төрелік ететін қазылар тізімін жариялады. Олардың қатарында қазақстандық Алуа Бектұрова да бар.

Айта кетейік, Алуа бұған дейін Испанияда өткен әлем біріншілігінде төрелік еткен болатын. Халықаралық федерация оның жұмысын жоғары бағалап, техникалық комитет арнайы алғысхатпен марапаттаған.

Естеріңізге сала кетейік, XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылы Парижде 26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтеді. Жазғы ойындар бұған дейін Францияда екі мәрте ұйымдастырылған болатын. Әлемдік дәрежедегі спорт сайысының жалауы Парижде 1900 және 1920 жылы желбіреген еді.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:
Абзад АЛЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұла НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:Көсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102ЖАРНАМА БОЛМА:
8(7171) 675-42-14, 8(71712) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.comЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМА:
8(7171) 804-61-32
postpika.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4385
Астана қ., «Медиа-Холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.